



Жұмысқа кірісу

HP жеке жүйелері

© Copyright 2015 HP Development Company, L.P. Осы құжатта берілген ақпарат ескертусіз өзгертіледі.

Microsoft – тіркелген сауда белгісі немесе АҚШ және/немесе басқа елдердегі Microsoft корпорациясының сауда белгісі.

Осы жердегі мәліметтер ескертусіз өзгертілуі мүмкін. HP өнімдері мен қызметтеріне арналған жалғыз кепілдік – осындай өнімдермен және қызметтермен бірге берілетін тікелей кепілдіктер. Осы құжаттағы басқа еш нәрсе кепілдік деп қаралмайды. HP компаниясы осы жерде кездескен техникалық немесе өңдеу қателері не жетіспеушіліктері үшін жауапты болмайды.

Бірінші басылым: желтоқсан, 2015 ж.

Құжат бөлігінің нөмірі: 844129-DF1

Өнім туралы ескерту

Бұл нұсқаулықта көптеген үлгілерге ортақ функциялар сипатталған. Кейбір функциялар компьютеріңізде болмауы мүмкін.

Барлық мүмкіндіктер Windows 10 құралының барлық нұсқаларында жұмыс істемейді. Windows 10 мүмкіндіктерін толығымен пайдалану үшін, бұл компьютерде жаңартылған немесе бөлек сатып алынған аппараттық құрал, драйверлер және/немесе бағдарламалық құрал қажет етілуі мүмкін. Толық ақпаратты <http://www.microsoft.com> бөлімінен қараңыз.

Windows 8 нұсқаларында барлық функциялар қол жетімді емес. Windows 8 жүйесін толығымен қолдану үшін, компьютер жаңартылған және/немесе бөлек сатылатын құрал, драйвер, және/немесе бағдарламаны қажет етуі мүмкін. Толығырақ ақпаратты <http://www.microsoft.com> бөлімінен қараңыз.


Windows 7 жүйесін толығымен қолдану үшін, компьютер жаңартылған және/немесе бөлек сатылатын құрал және/немесе Windows 7 бағдарламасын орнату үшін DVD драйвын қажет етуі мүмкін. Толығырақ ақпаратты <http://windows.microsoft.com/en-us/windows7/get-know-windows-7> бөлімінен қараңыз.


Бағдарламалық жасақтама шарттары

Осы компьютерге алдын ала орнатылған кез келген бағдарламалық жасақтама өнімін орнату, көшіру, жүктеу немесе басқаша пайдалану арқылы сіз HP соңғы пайдаланушы лицензиялық келісімінің (EULA) шарттарымен келісесіз. Егер осы лицензиялық шарттарды қабылдасңыз, сіздің бір ғана мүмкіндігіңіз – сатып алған орынның өнімді қайтару саясатына сай өнімді (құрылғыны және бағдарламалық жасақтаманы) 14 күн ішінде қайтарып беру.

Кез келген басқа толық ақпарат алу немесе компьютердің ақысын толық қайтару үшін жергілікті сату орнымен (дүкен) хабарласыңыз.

Осы кітап туралы

 **АБАЙ БОЛЫҒЫЗ!** Осылай жіберілген мәтін нұсқауларды орындамаудың дене жарақатына немесе өлімге себеп болатынын көрсетеді.

 **ЕСКЕРТУ:** Осылай жіберілген мәтін нұсқауларды орындамау құрылғының зақымдануына немесе ақпараттың жоғалуына апаратынын білдіреді.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Осылай жіберілген мәтін маңызды қосымша ақпарат береді.

Пайдаланушы нұсқаулықтарына және HP Diagnostics бағдарламасына кіру (Windows жүйелері)

Мәзір мен кітаптар жүйені орнату кезінде таңдалған немесе кейінірек Windows аймақтық параметрлерінде белгіленген тілде көрсетіледі. Егер аймақтық параметрлер тіліне қолдау көрсетілмесе, мәзір мен кітаптар ағылшын тілінде көрсетіледі.

HP пайдаланушы нұсқаулықтарына кіру үшін:

- Windows® 10 Pro және Windows 10 IoT Enterprise for Retail жүйелерінде
Пуск (Бастау) түймесін басып, **Все программы** (Барлық бағдарламалар), **Справка и поддержка HP** (HP анықтамасы және қолдау), одан кейін **Документация HP** (HP құжаттары) тармақтарын таңдаңыз.
- Windows жүйесінің басқа нұсқаларында
Пуск (Бастау) түймесін басып, **Все программы** (Барлық бағдарламалар), **Справка и поддержка HP** (HP анықтамасы және қолдау), одан кейін **HP Руководства пользователя** (HP пайдаланушы нұсқаулықтары) тармақтарын таңдаңыз.

Vision Diagnostics қолданбасына кіру үшін:

- ▲ Осы нұсқаулықтағы *Vision Diagnostics қолданбасына кіру* бөлімін қараңыз.

Инструкция безопасного и удобного использования (Қауіпсіз және оңтайлы пайдалану нұсқаулығы) бөліміне кіру үшін:

- Windows 10 және Windows 10 IoT Enterprise for Retail жүйелерінде
Пуск (Бастау) түймесін басып, **Все программы** (Барлық қолданбалар), **Справка и поддержка HP** (HP анықтамасы және қолдау), **Документация HP** (HP құжаттамасы) бөлімдерін таңдап, содан кейін **Инструкция безопасного и удобного использования** (Қауіпсіз және оңтайлы пайдалану нұсқаулығы) бөлімін таңдаңыз.
- Windows жүйесінің басқа нұсқаларында
Пуск (Бастау) түймесін басып, **Все программы** (Барлық қолданбалар), **Справка и поддержка HP** (HP анықтамасы және қолдау), **Руководства пользователя HP** (HP пайдаланушы нұсқаулықтары) бөлімдерін таңдап, содан кейін **Инструкция безопасного и удобного использования** (Қауіпсіз және оңтайлы пайдалану нұсқаулығы) бөлімін таңдаңыз.

Кепілдік пен қолдау қолдау алу құқығын тексеру

Кепілдік қатты дискіде қол жетімді (кейбір модельдерде). Кепілдікке кіру үшін:

- Таңдаулы үлгілерде қатты дискіге кепілдік беріледі.
 - Windows 10 және Windows 10 IoT Enterprise for Retail жүйелерінде

Пуск (Бастау) түймесін басып, **Все приложения** (Барлық қолданбалар), **Справка и поддержка HP** (HP анықтамасы және қолдау), одан кейін **Гарантия** (Кепілдік) тармақтарын таңдаңыз.

- Windows жүйесінің басқа нұсқаларында

Пуск (Бастау) түймесін басып, **Все программы** (Барлық бағдарламалар), **Справка и поддержка HP** (HP анықтамасы және қолдау), одан кейін **Гарантия** (Кепілдік) тармақтарын таңдаңыз.

- Кепілдік құқықтарын беруді өнім моделінің нөмірін және сериялық нөмірін мына сайтқа енгізу арқылы тексеруіңізге болады:

<http://www.hp.com/support/warranty-lookuptool>

- HP техникалық қолдау көрсетудің бумалық қызметтерін тіркеуді мына мекенжайда тексеруіңізге болады:

<http://www.hp.com/go/lookuptool/>


Мазмұны

1 Бағдарламаны орнату және теңшеу	1
Windows операциялық жүйесін орнату	1
Windows жаңарту файлдарын жүктеу	1
Құрылғылардың драйверлерін орнату және жаңарту (Windows жүйелері)	2
Монитор дисплейін өз қалауыңызша реттеу (Windows жүйелері)	2
Диск кескіні (ISO) файлдарын ашу	4
2 Компьютерлік бағдарламаны қорғау	5
3 HP диагностикалық шешімдерін қолдану	6
Vision Diagnostics бағдарламасы (таңдаулы үлгілерде ғана)	6
Vision Diagnostics бағдарламасын ашу (таңдаулы үлгілерде ғана)	6
HP компьютерлік жабдықтар диагностикасы (таңдаулы үлгілерде ғана)	7
HP PC Hardware Diagnostics (HP ДК құралын диагностикалау) қызметін пайдалану себебі	7
HP PC Hardware Diagnostics (HP ДК құралын диагностикалау) мүмкіндігін іске қосу жолы	7
USB құрылғысына HP PC Hardware Diagnostics (HP ДК құралын диагностикалау) мүмкіндігін қотару	8
4 Компьютерді өшіру	9
5 Толығырақ ақпарат іздеу	10
6 Техникалық қолдау қызметіне хабарласу алдында	11
7 Пайдалы кеңестер	13
8 Негізгі ақаулықтарды жою әрекеттері	14
POST тексеру кезіндегі алдыңғы тақта көрсеткіштері мен дыбыстық сигналдардың мағыналары	14
9 Windows IoT 10 Enterprise жүйесінде сақтық көшірме жасау, қайта сақтау және қалпына келтіру	15
Қалпына келтіру құралы мен сақтық көшірмелер жасау	15
HP қалпына келтіру медиа құралдарын жасау (тек таңдаулы үлгілерде)	15
Windows құралдарын пайдалану	16
Алдыңғы күйге қайтару және қалпына келтіру	17
HP Recovery Manager арқылы қалпына келтіру	17

Жұмысқа кіріспес бұрын маңызды ақпаратпен таңысу қажет.	18
HP Recovery бөлімін пайдалану (тек таңдаулы үлгілерде)	18
Қалпына келтіру үшін HP Recovery құралын пайдалану	19
Компьютердің жүктелу тәртібін өзгерту	19
HP Recovery бөлімін жою (тек таңдаулы үлгілерде)	19
10 Windows 8.1 Pro және Windows Embedded 8.1 Industry Pro Retail жүйелерінде сақтық көшірме жасау, қайта сақтау және қалпына келтіру	21
Қалпына келтіру медиасын жасау және сақтық көшірмесін жасау	21
Windows құралдарын қолдана отырып, қалпына келтіру және жөндеу	22
Жүйе істемей тұрғанда, қайта қосу пәрменін қолдану	22
Windows USB флэш драйвын қолданып, қалпына келтіру	23
Windows амалдық жүйесінің медиасын (бөлек сатылады) қолданып, қалпына келтіру	23
11 Windows 7 Professional, Windows Embedded Standard 7 және Windows Embedded POSReady 7 жүйелерінде сақтық көшірме жасау, қайта сақтау және қалпына келтіру	24
Қалпына келтіру медиасын жасау	25
HP Recovery Manager-ді қолдана отырып, қалпына келтіру медиасын жасау (таңдаулы үлгілерде ғана)	25
HP Recovery Disc Creator (HP қалпына келтіру дискін жасағыш) қолданбасы арқылы қалпына келтіру дискілерін жасау (таңдаулы үлгілерде ғана)	26
Қалпына келтіру дискілерін жасақтау	27
Мәліметтердің сақтық көшірмесін жасау	27
Жүйені қалпына келтіру	28
Жүйені қалпына келтіріп жөндеу	28
Windows жауап бере алатын кезде жүйені қалпына келтіру	29
Windows жауап бермеген кезде жүйені қалпына келтіру	30
Қалпына келтіру медиасын қолданып, жүйені қалпына келтіру (тек таңдаулы үлгілерде)	30
HP жүйесінің қалпына келтіру дискілерін қолдану (тек таңдаулы үлгілерде)	31
12 Компьютердегі операциялық жүйелерді пайдалану, жаңарту және қызмет көрсету (Windows 10 Pro, Windows 10 IoT Enterprise for Retail, Windows 8.1 Pro, Windows Embedded 8.1 Industry Pro Retail, Windows Embedded Standard 7 және Windows Embedded POSReady 7)	33


1 Бағдарламаны орнату және теңшеу


Егер компьютеріңіз Microsoft операциялық жүйесінсіз жеткізілсе, бұл құжаттың кейбір бөліктері қолданылмайды. Қосымша мәліметтер операциялық жүйені орнатқаннан кейін онлайн анықтамада қол жетімді болады.

 **ЕСКЕРТУ:** Операциялық жүйені орнату сәтті аяқталғанша компьютерге қосымша құрылғыларды немесе үшінші тарап құрылғыларын қоспаңыз. Бұл қателер тудыруы және операциялық жүйенің дұрыс орнатылуына кедергі келтіруі мүмкін.

Windows операциялық жүйесін орнату

Компьютерді бірінші рет қосқанда, операциялық жүйе автоматты түрде орнатылады. Қандай амалдық жүйе орнатылғанына байланысты бұл процесс шамамен 5 - 10 минут алады. Орнатуды аяқтау үшін экрандағы нұсқауларды мұқият оқыңыз және орындаңыз.

 **ЕСКЕРТУ:** Автоматты түрде орнату басталғаннан кейін ПРОЦЕСС АЯҚТАЛҒАНША КОМПЬЮТЕРДІ ӨШІРМЕҢІЗ. Орнату барысында компьютерді өшіру компьютерде орындалып жатқан бағдарламаларды зақымдауы немесе орнатуды дұрыс орындауға кедергі жасауы мүмкін.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Егер компьютердің қатты дискісінде амалдық жүйенің бірнеше тілі орнатылған болса, орнату процесі 60 минутқа дейін алуы мүмкін.

Windows жаңарту файлдарын жүктеу

1. Интернет қосылымын орнату үшін **Пуск** (Бастау) түймесін, **Internet Explorer** бағдарламасын таңдап, содан кейін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
2. Жаңарту файлдары мен қызмет бумаларын тауып, орнатыңыз.
 - Windows 10 Pro және Windows 10 IoT Enterprise for Retail
 - **а.** Тапсырмалар тақтасының іздеу терезесіне `update` немесе `windows update` сөздерін теріп, **Жаңарту файлдарын тексеру** бөлімін таңдаңыз.
 - **ә.** Экранның оң жағынан бастап сипап, **Все параметры** (Барлық параметрлер) бөлімін, содан кейін **Обновление и безопасность** (Жаңарту және қауіпсіздік) бөлімін таңдаңыз.
– немесе –
 - **▲** Тапсырмалар тақтасының шеткі оң жағындағы хабарландыру аймағында **Центр поддержки** (Қолдау көрсету орталығы) белгішесін таңдап, **Все параметры** (Барлық параметрлер) бөлімін, содан кейін **Обновление и безопасность** (Жаңарту және қауіпсіздік) бөлімін таңдаңыз.
 - Windows 8.1 Pro және Windows Embedded 8.1 Industry Pro Retail
 - а.** Шебер түймелерді көрсету үшін меңзерді Бастау экранының жоғары немесе төменгі оң жақ бұрышына апарыңыз.
 - ә.** **Параметры** (Параметрлер), **Изменение параметров компьютера** (Компьютердің параметрлерін өзгерту) бөлімдерін таңдап, содан кейін **Центр обновления Windows**

(Windows жаңарту орталығы) бөлімін таңдаңыз және экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

- Windows 7 Professional, Windows Embedded Standard 7 және Windows Embedded POSReady 7
 - а. **Пуск** (Бастау) түймесін басып, **Все программы** (Барлық бағдарламалар) бөлімін таңдаңыз, одан кейін **Центр обновления Windows** (Windows жаңарту орталығы) бөлімін таңдаңыз.
Центр обновления Windows (Windows жаңарту орталығы) экраны пайда болады.
 - ә. **просмотреть доступные обновления** (қолжетімді жаңартуларды көру) бөлімін таңдап, барлық маңызды жаңартулар таңдалғандығын тексеріңіз.
 - б. **Установить** (Орнату) түймесін басып, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
- Windows XP және Windows Embedded POSReady 2009
 - а. **Пуск** (Бастау) түймесін басып, **Все программы** (Барлық бағдарламалар) бөлімін таңдаңыз, одан кейін **Центр обновления Windows** (Windows жаңарту орталығы) бөлімін таңдаңыз.
Центр обновления Windows (Windows жаңарту орталығы) сайтына өтесіз.
 - ә. <http://www.microsoft.com> мекенжайынан бағдарлама орнатуды сұрайтын бір немесе бірнеше қалқымалы терезелерді көрсеңіз, бағдарламаны орнату үшін **Да** (Иә) түймесін басыңыз.
 - б. Жаңартуларды тексеріп, маңызды жаңартулар мен қызмет бумаларын орнату үшін Microsoft сайтындағы нұсқауларды орындаңыз.

Маңызды жаңартулар мен қызмет бумаларының барлығын орнату ұсынылады.

3. Жаңартулар орнатылғаннан кейін Windows жүйесі компьютерді қайта іске қосуды ұсынады. Қайта іске қосуды орындау алдында барлық ашық файлдарды немесе құжаттарды сақтаңыз. Содан кейін компьютерді қайта іске қосу үшін **Да** түймесін басыңыз.
4. Windows жаңарту орталығын ай сайын іске қосып отырыңыз.

Құрылғылардың драйверлерін орнату және жаңарту (Windows жүйелері)

Операциялық жүйе орнатылғаннан кейін қосымша құрылғыларды орнатқанда, әр құрылғының драйверін де орнату керек.

і386 каталогы сұралса, C:\і386 жолын көрсетіңіз немесе «і386» қалтасын табу үшін тілқатысу терезесіндегі **Обзор** түймесін басыңыз. Бұл әрекет операциялық жүйеге тиісті драйверлерге нұсқайды.

Операциялық жүйеге арналған қолдау көрсету бағдарламасын қоса, соңғы қолдау көрсету бағдарламасын <http://www.hp.com/support> мекенжайынан алыңыз. Ел мен тілді таңдаңыз, **Драйверы и загрузки** (Драйверлер мен жүктеулер) бөлімін таңдаңыз, компьютердің модель нөмірін енгізіп, **Начать** (Жалғастыру) түймесін басыңыз.

Монитор дисплейін өз қалауыңызша реттеу (Windows жүйелері)

Қаласаңыз, монитор моделін, жаңарту жиілігін, экран ажыратымдылығын, түс параметрлерін, қаріп өлшемдерін және қуатты басқару параметрлерін таңдауға немесе өзгертуге болады.

Бастау экраны мен жұмыс үстеліне арналған дисплей параметрлерін теңгеуге болады.

- Windows 10 Pro және Windows 10 IoT Enterprise for Retail
 - Дисплей параметрлерін теңшеу үшін:
 - а. Тапсырмалар тақтасының іздеу терезесіне *дисплей (дисплей)* немесе *параметры дисплея (дисплей параметрлері)* сөздерін теріп, **Параметры дисплея** (Дисплей параметрлері) бөлімін таңдаңыз.

– немесе –

Жұмыс үстелін тінтуірдің оң жақ түймесімен басып, **Параметры дисплея** бөлімін таңдаңыз.
 - ә. Тапсырмалар тақтасының шеткі оң жағындағы хабарландыру аймағында **Центр поддержки** (Қолдау көрсету орталығы) белгішесін таңдап, **Все параметры** (Барлық параметрлер) бөлімін, содан кейін **Система** (Жүйе) бөлімін таңдаңыз.
 - Дисплей параметрлерін жекелендіру үшін:
 - ▲ Тапсырмалар тақтасының іздеу терезесіне *персонализация (жекелендіру)* сөзін теріп, **Персонализация** (Жекелендіру) бөлімін таңдаңыз.

тема (тақырып) немесе *фон* сияқты арнайы терминдерді теруге болады.

– немесе –
 - а. Жұмыс үстелін тінтуірдің оң жақ түймесімен басып, **Персонализировать** (Жекелендіру) түймесін таңдаңыз .
 - ә. Тапсырмалар тақтасының шеткі оң жағындағы хабарландыру аймағында **Центр поддержки** (Қолдау көрсету орталығы) белгішесін таңдап, **Все параметры** (Барлық параметрлер) бөлімін, содан кейін **Персонализация** (Жекелендіру) бөлімін таңдаңыз.
- Windows 8.1 Pro және Windows Embedded 8.1 Industry Pro Retail
 - Бастау экранын теңшеу үшін:
 - а. Шебер түймелерді көрсету үшін меңзерді Бастау экранының жоғары немесе төменгі оң жақ бұрышына апарыңыз.
 - ә. **Параметры** (Параметрлер), **Изменение параметров компьютера** (Компьютердің параметрлерін өзгерту), **Персонализировать** (Жекелендіру) бөлімдерін таңдап, дисплей параметрлерін өзгертіңіз.
 - Жұмыс үстелін теңшеу үшін:
 - ▲ Жұмыс үстелін тінтуірдің оң жақ түймесімен түртіп, **Персонализировать** (Жекелендіру) пәрменін таңдаңыз, содан кейін дисплей параметрлерін өзгертіңіз.
- Windows 7 Professional, Windows Embedded Standard 7 және Windows Embedded POSReady 7
 - ▲ Windows жұмыс үстелін тінтуірдің оң жақ түймесімен басып, **Персонализировать** (Жекелендіру) түймесін таңдаңыз .

Қосымша ақпарат алу үшін графиканы басқару бағдарламасымен бірге берілетін желілік құжаттаманы немесе монитормен бірге келген құжаттаманы қараңыз.

Диск кескіні (ISO) файлдарын ашу

Дербес компьютерде қосымша бағдарламалардың орнату бағдарламаларын қамтитын диск кескіні файлдары (ISO файлдары) болуы мүмкін. Бұл ықшам диск кескіні файлдары C:\SWSetup\ISOs қалтасында орналасқан. Әр .iso файлды орнату дискісін жасау үшін ықшам дискіге жазуға болады. Дербес компьютерді тиімді пайдалану үшін осы дискілерді жасап, бағдарламаларды орнату ұсынылады. Егер болса, бағдарламалар мен кескін файлдарының атаулары:

- Vision Diagnostics – дербес компьютеріңізде диагностика жүргізуге арналған бағдарламалық жасақтама

2 Компьютерлік бағдарламаны қорғау


Бағдарламаларды жоғалудан немесе зақымдалудан қорғау үшін қатты дискіде бар барлық жүйелік бағдарламалардың, бағдарламалардың және қатысты файлдардың сақтық көшірмесін сақтаңыз. Деректер файлдарының сақтық көшірмелерін жасау бойынша нұсқауларды операциялық жүйенің немесе сақтық көшірмелер жасау бағдарламасының құжаттамасын қараңыз.

Егер жүйені қалпына келтіру ықшам дискілерін немесе DVD дискілерін жасай алмасаңыз, HP қолдау орталығынан қалпына USB флэш дискісіне тапсырыс бере аласыз. Аймағыңыздағы қолдау орталығының телефон нөмірін алу үшін <http://www.hp.com/support/contactHP> веб-сайтына кіріңіз.

3 HP диагностикалық шешімдерін қолдану

HP диагностикалық стратегиясы уақыт өте өзгерді. Жеке құралдардағы Windows жүйесінде 2012-ші жылдың қазан айына дейін Vision Diagnostics бағдарламалары қолданылды. 2012-ші жылдың қараша айынан бастап HP компаниясы Windows жүйелерінен тысқары ортада HP PC Hardware Diagnostics (HP компьютерлік жабдықтар диагностикасы) жүйелерін қолданып келеді.

Vision Diagnostics бағдарламасы (таңдаулы үлгілерде ғана)


 **ЕСКЕРТПЕ:** Vision Diagnostics бағдарламасы тек кейбір компьютер модельдерінің ықшам дискісіне қосылған.

Vision Diagnostics бағдарламасы компьютер жабдық теңшелімі туралы ақпаратты көруге және компьютердің ішкі жүйелерінің жабдығын диагностикалық тексерулерді орындауға мүмкіндік береді. Бұл бағдарлама жабдық мәселелерін анықтау, диагностикалау және жою процесін жеңілдетеді.

Vision Diagnostics бағдарламасын іске қосқанда, экранда «Survey» (Обзор) қойындысы көрсетіледі. Бұл қойынды компьютердің ағымдағы теңшелімін көрсетеді. «Survey» (Обзор) қойындысынан компьютер туралы ақпараттың бірнеше санатына кіруге болады. Басқа қойындылар қосымша ақпаратты, соның ішінде диагностикалық тексеру параметрлерін және тексеру нәтижелерін береді. Бағдарламаның әр экранындағы ақпаратты html файлы ретінде сақтауға және дискетада немесе USB флэш жадында сақтауға болады.


Жүйе компьютерде орнатылған барлық құрылғыларды танитынын не танымайтынын және олардың дұрыс қызмет етіп жатқанын анықтау үшін Vision Diagnostics бағдарламасын пайдаланыңыз. Тексерулерді орындау міндетті емес, бірақ, жаңа құрылғыны орнату немесе қосудан кейін ұсынылады.

Басып шығарылған есептер техникалық қолдау орталығына хабарласқанша қол жетімді болуы үшін тексерулерді орындап, тексеру нәтижелерін сақтап, басып шығару керек.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Vision Diagnostics бағдарламасы үшінші тарап құрылғыларын анықтамауы мүмкін.


Vision Diagnostics бағдарламасын ашу (таңдаулы үлгілерде ғана)

Vision Diagnostics бағдарламасын ашу үшін қызметтік бағдарламаны USB флэш дискісіне көшіріп, USB флэш дискісінен іске қосу керек.


 **ЕСКЕРТПЕ:** Vision Diagnostics бағдарламасы тек кейбір компьютер үлгілерімен жеткізіледі.

Егер Vision Diagnostics бағдарламасын USB флэш дискісіне жүктеу орындалып қойса, мына іс рәсімін 2-қадамнан бастаңыз.

1. **Пуск** (Бастау) түймесін басып, **Все программы** (Барлық бағдарламалар), **Справка и поддержка HP** (HP Анықтама және қолдау көрсету), **HP Vision Diagnostics USB Creation** бөлімдерін таңдап, USB флэш жадына Vision Diagnostics қолданбасын орнату үшін шебер сұрауларын орындаңыз.
2. Компьютер қосылып тұрғанда USB флэш жадын компьютердегі USB портына енгізіңіз.
3. Операциялық жүйені, содан кейін компьютерді өшіріңіз.
4. Компьютерді қосыңыз. Жүйе Vision Diagnostics бағдарламасымен іске қосылады.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Егер жүйе USB флэш дискісінен іске қосылмаса, «Настройки компьютера» қызметтік бағдарламасында іске қосу ретін өзгерту керек болуы мүмкін. Қосымша ақпарат алу үшін *Maintenance and Service Guide* (тек ағылшын тілінде бар) құжатын қараңыз.

5. Іске қосу мәзірінде әр түрлі жабдық құрамдастарын тексеру үшін **Vision Diagnostics** бағдарламасын немесе тек жадты тексеру үшін **HP Memory Test** бағдарламасын таңдаңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** HP Memory Test – Vision Diagnostics бағдарламасынан тыс жеке бағдарлама ретінде іске қосылатын жадты толық диагностикалау бағдарламасы.

6. **Vision Diagnostics** жұмыс істеп тұрса, тиісті тілді таңдап, **Продолжить** (Жалғастыру) пәрменін таңдаңыз.
7. Шарттарды қабылдасаңыз, соңғы пайдаланушы лицензиялық келісінде **Agree** (Принимаю) пәрменін таңдаңыз. Vision Diagnostics бағдарламасы іске қосылып, Survey (Обзор) қойындысы көрсетіледі.

HP компьютерлік жабдықтар диагностикасы (таңдаулы үлгілерде ғана)


Аппараттық құралды ауыстыруды талап ететін ақаулық HP PC Hardware Diagnostics (UEFI) арқылы анықталған кезде, ақаулықтың 24 санды идентификаторы жасалады. Бұл идентификатор мәселені шешу әдісін анықтау үшін ұсынылатын болады.

HP PC Hardware Diagnostics (HP ДК құралын диагностикалау) қызметін пайдалану себебі

HP PC Hardware Diagnostic (HP ЖК құралын диагностикалау) құралдары құрылғы мәселелерін диагностикалау процесін оңайлатады және мәселелер табылған кезде қолдау жұмысын жылдамдатады. Бұл құралдар ауыстырылуы керек құрамдасты ғана көздей отырып, уақытты үнемдейді.

- **Құралдың нақты ақаулықтарын жою:** Диагностикалау процесі амалдық жүйеден тыс жұмыс істейді, осылайша ол амалдық жүйе немесе басқа бағдарламалық құрамдастар себеп болған мәселелерден туындаған ақаулықтарды тиімді түрде жояды.
- **Ақаулық идентификаторы:** Құралды ауыстыруды қажет ететін ақаулық табылса, 24 сандық ақаулық идентификаторы шығады. Сосын осы идентификаторды қолдауды немесе қосалқы бөлшектер жеткізуді ұйымдастыратын қоңырау операторына беруге болады.

HP PC Hardware Diagnostics (HP ДК құралын диагностикалау) мүмкіндігін іске қосу жолы

 **ЕСКЕРТПЕ:** Өзгертпелі компьютерде диагностикалау құралын бастау үшін компьютерді ноутбук режиміне ауыстырып, планшетке тіркелген пернетақтаны пайдаланыңыз.

HP PC Hardware Diagnostics (UEFI) бағдарламасын бастау үшін келесі қадамдарды орындаңыз:

1. Компьютерді қосыңыз немесе өшіріп қайта бастаңыз және **esc** пернесін тез басып қалыңыз.
2. **f2** пернесін басыңыз.

BIOS бағдарламасы диагностикалық құралдарды үш орыннан төмендегі тәртіпте іздейді:

- a. Қосылған USB диск жетегі



ЕСКЕРТПЕ: HP PC Hardware Diagnostics (UEFI) құралын USB диск жетегіне жүктеу туралы ақпаратты [USB құрылғысына HP PC Hardware Diagnostics \(HP ДК құралын диагностикалау\) мүмкіндігін қотару \(8-бет\)](#) бөлімінен қараңыз.

- а. Қатты диск
 - б. BIOS
3. Диагностикалау құралы ашылғанда, орындалатын диагностикалық сынақтың түрін таңдаңыз және экрандағы нұсқауларды орындаңыз.



ЕСКЕРТПЕ: Егер диагностикалық сынақты тоқтату қажет болса, **esc** пернесін басыңыз.

USB құрылғысына HP PC Hardware Diagnostics (HP ДК құралын диагностикалау) мүмкіндігін қотару



ЕСКЕРТПЕ: HP PC Hardware Diagnostics (UEFI) құралын жүктеп алу жөнінде нұсқаулар ағылшын тілінде ғана беріледі. Жүктеу және HP UEFI қолдау ортасын жасау үшін тек .exe пішіміндегі файлдар қолданылғандықтан Windows компьютерін пайдалану қажет.

HP PC Hardware Diagnostics бағдарламасын USB құрылғысына жүктеудің екі жолы бар:

UEFI құралының ең соңғы нұсқасын жүктеп алу

1. <http://www.hp.com/go/techcenter/pcdiags> веб-торабына өтіңіз. HP PC Diagnostics басты беті көрсетіледі.
2. HP PC Hardware Diagnostics бөлімінде **Download** (Жүктеу) сілтемесін таңдап, **Выполнить** (Орындау) түймешігін басыңыз.

Белгілі бір өнімге арналған кез келген UEFI нұсқасын жүктеп алу


1. <http://www.hp.com/support> веб-торабына кіріп, еліңізді таңдаңыз. HP қолдау терезесі ашылады.
2. **Драйверы и материалы для загрузки** (Драйверлер және жүктеу үшін материалдар) тармағын таңдаңыз.
3. Өнімді табу үшін тізімдегі санаттарды пайдаланыңыз.
– немесе –
Өнімді автоматты түрде анықтау үшін, **Найти сейчас** (Қазір табу) пәрменін таңдаңыз.
4. Компьютер үлгісін және амалдық жүйе түрін таңдаңыз.
5. **Diagnostic** (Диагностика) бөлімінде қажетті UEFI нұсқасын таңдау және жүктеп алу үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

4 Компьютерді өшіру

Компьютерді дұрыс өшіру үшін алдымен амалдық жүйенің жұмысын аяқтаңыз.

- Windows 10 IoT Enterprise
 - ▲ **Пуск** (Бастау) түймешігін басып, **Питание** (Қуат) белгішесін, содан кейін **Завершение работы** (Жұмысты аяқтау) белгішесін таңдаңыз.
- Windows 8.1 Pro және Windows Embedded 8.1 Industry Pro Retail
 - ▲ Шебер түймелерді көрсету үшін экранның жоғарғы оң жақ немесе төменгі оң жақ бұрышына меңзеңіз және **Параметры** (Параметрлер), **Питание** (Қуат) бөлімдерін таңдап, содан кейін **Завершение работы** (Жұмысты аяқтау) бөлімін таңдаңыз.
- Windows 7 Professional, Windows Embedded Standard 7 және Windows Embedded POSReady 7
 - ▲ **Пуск** (Бастау) түймесін басып, одан кейін **Завершение работы** (Жұмысты аяқтау) параметрін таңдаңыз.

Операциялық жүйеге байланысты қуат түймесін басқанда компьютер автоматты түрде өшпейді, оның орнына қуатты төмен тұтыну немесе «күту» режиміне енеді. Бұл бағдарламаларды жаппастан энергияны үнемдеуге мүмкіндік береді; Кейінірек операциялық жүйені қайта іске қосусыз және ешбір деректерді жоғалтпастан компьютерді бірден пайдалана бастауға болады.

 **ЕСКЕРТУ:** Компьютерді қолмен өшіру барлық сақталмаған деректердің жоғалуын тудырады.

Компьютерді қолмен өшіру және «күту режимін» айналып өту үшін қуат түймесін төрт секунд бойы басып тұрыңыз.

Кейбір модельдерде компьютерді реттеу бағдарламасының көмегімен қуат түймесін қосу/өшіру режимінде жұмыс істейтіндей қайта теңшеуге болады. Компьютерді реттеу бағдарламасын пайдалану туралы қосымша ақпарат алу үшін *Maintenance and Service Guide* (тек ағылшын тілінде бар) құжатын қараңыз.

5 Толығырақ ақпарат іздеу

Компьютердің қатты дискінде әртүрлі жарияланымдар қол жетімді. Жарияланымдарға кіру үшін:


- Windows 10 Pro және Windows 10 IoT Enterprise for Retail жүйелерінде
Пуск (Бастау) түймесін басып, **Все программы** (Барлық бағдарламалар), **Справка и поддержка HP** (HP анықтамасы және қолдау), одан кейін **Документация HP** (HP құжаттары) тармақтарын таңдаңыз.
- Windows жүйесінің басқа нұсқаларында
Пуск (Бастау) түймесін басып, **Все программы** (Барлық бағдарламалар) бөлімін таңдаңыз, одан кейін **Руководства пользователя HP** (HP пайдаланушы нұсқаулықтары) бөлімін таңдаңыз.



ЕСКЕРТПЕ: Тізілген құжаттардың кейбіреулері барлық модельдерге қосылмайды.

- *Жұмысқа кірісу* - нұсқаулығы компьютер мен перифериялық құрылғыларды қосуға, әрі өндіруші қамтамасыз еткен бағдарламаларды реттеуге мүмкіндік береді; Сондай-ақ, онда бастапқы іске қосу кезінде қандай да мәселелер пайда болған жағдайда ақаулықтарды жою туралы негізгі мәліметтер бар.
- *Жабдықпен жұмыс бойынша анықтамалық нұсқаулық* - өнім жабдығын шолу, сондай-ақ, осы компьютерлер сериясын жаңарту туралы нұсқауларды қамтиды; нақты уақыттағы сағат батареялары, жад және қуатпен қамту туралы мәліметтерді қамтиды.
- *Техникалық қызмет көрсету нұсқаулығы* (тек ағылшын тілінде) - Бөлшектерді алып тастау және ауыстыру, ақауларды жою, орнату бағдарламалары, қалыпты күтім жасау, қосқыш істігін туралау, POST қате хабарлары, диагностикалық индикатор шамы мен қате кодтар туралы ақпаратты қамтиды.
- *Заңдық, қауіпсіздік және қоршаған орта ескертпелері* - АҚШ, Канада және әртүрлі халықаралық реттеулерге сәйкестігін қамтамасыз ететін қауіпсіздік және заңдық ақпаратты қамтамасыз етеді.

6 Техникалық қолдау қызметіне хабарласу алдында

 **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Компьютер айнаымалы қуат көзіне қосылған болса, жүйелік тақтаға үнемі кернеу беріледі. Электр тогының соғуы және/немесе ыстық беттерден күйік алу қаупін азайту үшін электр розеткасынан қуат сымын ажыратыңыз және тию алдында ішкі жүйе құрамдастарын суытыңыз.

Егер компьютермен мәселелер бар болса, техникалық қолдау қызметіне хабарласу алдында нақты мәселені бөлектеу үшін төмендегі тиісті шешімдерді қолданып көріңіз.

- HP Diagnostic Solution қолданбасын іске қосыңыз.
- Компьютерді реттеу бағдарламасында дискіні қорғау жүйесінің (DPS) өзін тексеруін орындаңыз. Қосымша ақпарат алу үшін *Maintenance and Service Guide* (тек ағылшын тілінде бар) құжатын қараңыз.



ЕСКЕРТПЕ: Дискіні қорғау жүйесінің (DPS) өзін тексеру бағдарламасы тек кейбір модельдерде қол жетімді.

- Компьютердің алдыңғы тақтасындағы қуат индикаторы жыпықтап тұрғанын не жыпылықтамайтынын тексеріңіз немесе компьютерден шығатын дыбыстық сигналдар сериясын тыңдаңыз. Индикатордың жыпықтауы және/немесе дыбыстық сигналдар мәселені диагностикалауға көмектеседі. Қосымша ақпарат алу үшін, *Maintenance and Service Guide* (Техникалық күтім және қызмет көрсету нұсқаулығы) (тек ағылшын тілінде) құжатын қараңыз.
- Егер экран бос болса, бар болған жағдайда мониторды компьютердің басқа бейне портына қосыңыз. Не болмаса мониторды дұрыс жұмыс істейтін монитормен ауыстырыңыз.
- Егер желіде жұмыс істеп жатсаңыз, желілік ұяға басқа кабельмен басқа компьютерді қосыңыз. Мәселе желілік кабель разъемында немесе кабельде болуы мүмкін.
- Егер жақында жаңа жабдық қоссаңыз, жабдықты алып, компьютер дұрыс жұмыс істей ма, соны тексеріңіз.
- Егер жақында жаңа бағдарламалық құрал орнатқан болсаңыз, оны жойып, компьютердің дұрыс істеп тұрғанын тексеріңіз.
- Барлық драйверлерді жүктеусіз іске қосылатынын не қосылмайтынын көру үшін компьютерді қауіпсіз режимде іске қосыңыз. Операциялық жүйені іске қосқанда «Last Known Configuration» (соңғы сәтті теңшелім) нұсқасын пайдаланыңыз.
- <http://www.hp.com/support> сайтындағы желілік техникалық қолдау қызметтерін пайдаланыңыз.
- Жалпы ұсыныстарды осы нұсқаулықтың [Пайдалы кеңестер \(13-бет\)](#) бөлімінде қараңыз.
- Егжей-тегжейлі ақпарат алу үшін, *Maintenance and Service Guide* (Техникалық күтім және қызмет көрсету нұсқаулығы) (тек ағылшын тілінде бар) құжатын қараңыз.

Мәселелеріңізді желіде шешуге көмектесу үшін HP Support Wizard (HP қолдау шебері) қызметі тәуелсіз диагностика құралдарын ұсынады. Егер HP қолдау қызметіне хабарласу керек болса, HP Support Wizard (HP қолдау шебері) қызметінің желілік чат функциясын пайдаланыңыз. HP Support Wizard (HP қолдау шебері) қызметінің мекенжайы: <http://www.hp.com/go/ispe>.

Онлайн қолдау туралы ең соңғы мәліметтерді, бағдарламаларды және драйверлерді алу, ескертулерді оқу және пайдаланушылар мен HP мамандарының дүниежүзілік бірлестігімен сөйлесу үшін <http://www.hp.com/go/bizsupport> мекенжайын қолданыңыз.

Егер техникалық қолдау қызметіне хабарласу қажет болса, қоңырауыңыздың дұрыс өңделуін қамтамасыз ету үшін келесі әрекеттерді орындауға дайын болыңыз:

- Қоңырау соққанда компьютердің алдында болыңыз.
- Қоңырау соғу алдында компьютердің сериялық нөмірін, өнімнің идентификациялық нөмірін және монитордың сериялық нөмірін жазып алыңыз.
- Мәселені шешкенде қызмет көрсету маманының жанында болыңыз.
- Жүйеге жақында қосылған бүкіл жабдықты алып тастаңыз.
- Жақында орнатылған барлық бағдарламаларды жойыңыз.




ЕСКЕРТПЕ: Сатылымдар мен кепілдік жаңартулары туралы мәліметтерді (HP Care Pack) жергілікті уәкілетті қызмет көрсетушіден немесе дилерден алуға болады.

7 Пайдалы кеңестер

Егер компьютер, монитор немесе бағдарлама жұмысында мәселелер пайда болса, одан арғы әрекеттерді орындау алдында жалпы ұсыныстар тізімін қараңыз:

- Компьютер мен монитор жұмыс электр розеткасына қосылғанын тексеріңіз.
- Компьютер қосулы және қуат индикаторы қосулы екенін тексеріңіз.
- Монитор қосулы екенін және монитор жарығының жанып тұрғанын тексеріңіз.
- Монитор күңгірт болса, монитордың жарықтық пен контрасты басқару элементтерін қосыңыз.
- Кез келген пернені басып тұрыңыз. Егер жүйе дыбыстық сигнал берсе, пернетақта дұрыс жұмыс істеп тұр.
- Барлық кабель қосылымдарында қосылым дұрыстығын немесе сенімділігін тексеріңіз.
- Пернетақтадағы кез келген пернені немесе қуат түймесін басу арқылы компьютерді күту режимінен шығарыңыз. Егер жүйе кідіріс режимінде қалса, қуат түймесін кемінде төрт секунд басып тұрып, компьютерді өшіріңіз. Содан кейін, компьютерді іске қосу үшін қуат түймесін қайта басыңыз. Егер жүйе өшпесе, қуат сымын ажыратып, бірнеше секунд күтіп, оны қайта қосыңыз. Егер компьютерді реттеу бағдарламасында автоматты түрде іске қосу орнатылған болса, компьютер қайта іске қосылады. Егер ол қайта іске қосылмаса, компьютерді іске қосу үшін қуат түймесін басыңыз.
- Plug and play емес кеңейту тақтасын немесе басқа компонентті орнатқаннан кейін компьютерді қайта теңшеңіз.
- Барлық қажетті құрылғы драйверлеріне орнатылғанына көз жеткізіңіз. Мысалы, принтерді пайдалансаңыз, сізге осы принтер моделінің драйвері қажет.
- Іске қосудан бұрын жүйеден барлық алмалы тасымалдағыштарды (шағын диск, DVD не USB құрылғысы) алып тастаңыз.
- Егер өндіруші орнатқаннан басқа амалдық жүйені орнатсаңыз, компьютеріңіз осы жүйеге қолдау көрсете ме, соны тексеріңіз.
- Егер жүйеде бірнеше бейне көздері (ендірілген, PCI немесе PCI-Express адаптерлері) орнатылса (ендірілген бейне көздері кейбір модельдерде ғана қол жетімді) және бір монитор пайдаланылса, мониторды көздегі монитор коннекторына негізгі кіріс көзі ретінде қосу керек. Іске қосу барысында басқа монитор коннекторлары ажыратылады және монитор осы порттарға қосылған болса, ол жұмыс істемейді. Әдепкі кіріс көзі ретінде пайдаланылатын көзді «Настройка компьютера» ішінен таңдауға болады.

 **ЕСКЕРТУ:** Компьютер айнималы ток розеткасына жалғаулы болғанда, жүйелік платаға әрдайым кернеу беріледі. Жүйелік тақтаның немесе құрамдастардың зақымдалуын болдырмау үшін компьютерді ашу алдында қуат сымын қуат көзінен ажыратыңыз.

8 Негізгі ақаулықтарды жою әрекеттері

Ақаулықтарды жою бойынша мәліметтерді *Maintenance and Service Guide* (тек ағылшын тілінде бар) құжатынан алуға болады. Ол <http://www.hp.com/support> мекенжайындағы анықтамалық кітапханада орналасқан. Тіл мен еліңізді таңдап, **Устранение неполадок** (Ақаулықтарды жою) тармағын басыңыз, компьютердің үлгі нөмірін енгізіп, **Перейти** (Іздеу) пернесін басыңыз.

POST тексеру кезіндегі алдыңғы тақта көрсеткіштері мен дыбыстық сигналдардың мағыналары

Егер компьютердің индикаторлар жыпықтаса немесе дыбыстық сигналдар естілсе, мағынасын және ұсынылған әрекетті білу үшін *Maintenance and Service Guide* (тек ағылшын тілінде бар) құжатын қараңыз.

9 Windows IoT 10 Enterprise жүйесінде сақтық көшірме жасау, қайта сақтау және қалпына келтіру

Бұл тарауда төмендегі процестер туралы ақпарат беріледі. Тараудағы ақпарат үлгілердің көбі үшін стандартты процедура болып есептеледі.

- Қалпына келтіру құралы мен сақтық көшірмелер жасау
- Жүйені қалпына келтіру және жөндеу

Қосымша ақпарат алу үшін, Анықтама және қолдау бөлімін қараңыз.

- ▲ **Пуск** (Бастау) түймесін басып, **Все приложения** (Барлық қолданбалар) бөлімін таңдаңыз, одан кейін **Справка и поддержка HP** (HP Анықтама және қолдау көрсету) бөлімін таңдаңыз.

Қалпына келтіру құралы мен сақтық көшірмелер жасау

Қалпына келтіру медиасын және сақтық көшірмелер жасаудың келесі әдістерді тек таңдаулы үлгілерде ғана қолдануға болады. Жеткілікті әдісті компьютеріңіздің моделіне сәйкес таңдаңыз.

- Компьютерді сәтті орнатқаннан кейін HP Recovery Manager пайдаланыңыз. Бұл қадамда компьютерде HP Recovery бөлімінің сақтық көшірмесі жасалады. Сақтық көшірмені қатты диск бүлінген немесе ауыстырылған жағдайларда бастапқы амалдық жүйені қайта орнату үшін қолдануға болады. Қалпына келтіру медиасын жасау туралы ақпаратты [HP қалпына келтіру медиа құралдарын жасау \(тек таңдаулы үлгілерде\) \(15-бет\)](#) бөлімінен қараңыз. Қалпына келтіру медиасы көмегімен қол жетімді қалпына келтіру мүмкіндіктері туралы қосымша ақпаратты [HP Recovery Manager арқылы қалпына келтіру \(17-бет\)](#) бөлімінен қараңыз.
- Windows құралдарын жүйені бастапқы қалпына келтіру нүктелерін және жеке мәліметтердің сақтық көшірмесін жасау үшін пайдаланыңыз.

Қосымша ақпаратты [Windows құралдарын пайдалану \(16-бет\)](#) бөлімінен қараңыз.



ЕСКЕРТПЕ: Егер сақтау орны 32 ГБ немесе одан төмен болса, Windows System Restore құралы әдепкі бойынша ажыратылған болады.

HP қалпына келтіру медиа құралдарын жасау (тек таңдаулы үлгілерде)



МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ: Егер компьютерде Қалпына келтіру тасымалдағышын жасау опциясы көрсетілмесе, жүйені қалпына келтіру медиа құралын қолдау қызметінен алуға болады. Байланыс ақпаратын HP веб-сайтынан қарауға болады. <http://www.hp.com/support> мекен-жайын ашып, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

HP Recovery Manager — компьютерді сәтті орнатқаннан кейін қалпына келтіру тасығышын (флэш жады немесе DVD дискілерінің жинағы арқылы) жасау мүмкіндігін беретін бағдарламалық жасақтама. HP Recovery құралын қатты диск бүлінген жағдайда жүйені қалпына келтіру үшін қолдануға болады. Жүйені қалпына келтіру бастапқы амалдық жүйені және зауытта орнатылған бағдарламалық құралдарды қайта орнатады, одан кейін бағдарламалардың параметрлерін реттейді. HP Recovery

құралын жүйе параметрлерін бейімдеуге немесе қатты дискіні ауыстырғанда зауыттық кескінді қалпына келтіруге қолдануға болады.

- Қалпына келтіру дискілерінің тек қана бір жинағын жасауға болады. Бұл қалпына келтіру құралдарын қолданғанда сақ болып, оларды қауіпсіз жерде сақтаңыз.
- HP Recovery Manager компьютерді тексеріп, медиа құралындағы қажет сақтау көлемін анықтайды.
- Қалпына келтіру дискілерін жасау үшін компьютерде DVD дискілерін жазу мүмкіндігі бар оптикалық дискенгізгі болуы керек және тек жоғары сапалы бос DVD-R, DVD+R, DVD-R DL немесе DVD+R DL дискілерін пайдалану керек. CD±RW, DVD±RW, қос қабатты DVD±RW дискілерін немесе BD-RE (қайта жазуға арналған Blu-ray) сияқты қайта жазуға болатын дискілерді пайдаланбаңыз; олар HP Recovery Manager бағдарламалық құралымен үйлеспейді. Не болмаса, оның орнына жоғары сапалы бос USB флэш картасын қолдануға болады.
- Егер компьютерде DVD дискілеріне жазу мүмкіндігі бар кірістірілген оптикалық диск жетегі болмаса, бірақ DVD қалпына келтіру медиасын жасағыңыз келсе, қалпына келтіру дискілерін жасау үшін сыртқы оптикалық диск жетегін (бөлек сатып алынады) пайдалануға болады. Сыртқы оптикалық дискісін қолдансаңыз, ол компьютердегі USB портына тікелей жалғануы керек. Диск жетегін USB хабы сияқты сыртқы құрылғыдағы USB портына жалғауға болмайды. Егер өзіңіз DVD тасығышын жасай алмасаңыз, HP компаниясынан компьютерді қалпына келтіру дискілерін алуға болады. Байланыс ақпаратын HP веб-сайтынан қарауға болады. <http://www.hp.com/support> мекен-жайын ашып, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
- Қалпына келтіру құралдарын жасамай тұрып, компьютердің айнымалы ток көзіне жалғанғанын тексеріңіз.
- Дискілерді жасау процесі бір сағаттай уақыт алуы мүмкін. Дискілерді жасау процесін тоқтатпаңыз.
- Қажет болса, барлық қалпына келтіру DVD дискілерінің жасалуы аяқталғанға дейін бағдарламадан шығуға болады. HP Recovery Manager ағымдағы DVD дискісіне жазуды аяқтайды. HP Recovery Manager бағдарламасын келесіде іске қосқан кезде жалғастыру сұралады.


HP Recovery құралын жасау үшін:

1. Тапсырмалар тақтасының іздеу жолағында **восстановление** (қалпына келтіру) сөзін жазып, одан кейін **HP Recovery Manager** тармағын таңдаңыз.
2. Бұл қолданбаға компьютеріңізге өзгеріс жасау рұқсатын беру үшін **Да** (Иә) пәрменін таңдаңыз.
3. **Создать носитель для восстановления системы** (Қалпына келтіру тасымалдағышын жасау) тармағын таңдаңыз, одан кейін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Жүйені қалпына келтіру қажет бола қалса, [HP Recovery Manager арқылы қалпына келтіру \(17-бет\)](#) бөлімін қараңыз.

Windows құралдарын пайдалану

Жүйені қалпына келтіру нүктелерін жасау және жеке мәліметтердің сақтық көшірмелерін жасау үшін Windows құралдарын пайдалануға болады.


 **ЕСКЕРТПЕ:** Егер сақтау орны 32 Гб немесе одан төмен болса, Windows System Restore құралы әдепкі бойынша ажыратылған болады.

Қосымша ақпаратты және нұсқауларды алу үшін Анықтама және қолдау бағдарламасын қараңыз.

- ▲ **Пуск** (Бастау) түймесін басып, **Все приложения** (Барлық қолданбалар) бөлімін таңдаңыз, одан кейін **Справка и поддержка HP** (HP Анықтама және қолдау көрсету) бөлімін таңдаңыз.

Алдыңғы күйге қайтару және қалпына келтіру

Жүйені қалпына келтірудің бірнеше опциясы бар. Жағдайыңызға ең сәйкес келетін әдіс пен шеберлік деңгейін таңдаңыз:

 **МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ:** Барлық әдістер үлгілердің барлығында жұмыс істемеуі мүмкін.

- Windows жүйеңізді қайта сақтау немесе қалпына келтіру үшін бірнеше опцияларды ұсынады. Қосымша ақпарат алу үшін Справка и поддержка (Анықтама және қолдау) тармағын қараңыз.
 - ▲ **Пуск** (Бастау) түймесін басып, **Все приложения** (Барлық қолданбалар) бөлімін таңдаңыз, одан кейін **Справка и поддержка HP** (HP Анықтама және қолдау көрсету) бөлімін таңдаңыз.
- Алдын ала орнатылған қолданба немесе драйвер мәселесін шешу қажет болса, жекелеген қолданбаны немесе драйверді қайта орнату үшін HP Recovery Manager бағдарламасының Драйверлерді және/немесе қолданбаларды қайта орнату опциясын пайдаланыңыз.
 - ▲ Тапсырмалар тақтасыың іздеу жолағында `recovery` деп теріп, **HP Recovery Manager** бағдарламасын таңдаңыз да, **Переустановить драйверы и/или приложения** (Драйверлерді және/немесе қолданбаларды қайта орнату) параметрін таңдап, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
- Таңдаулы үлгілерде, компьютерді кішірейтілген бейнемен бастапқы қалпына келтіру керек болса, HP Recovery бөліміндегі немесе HP Recovery құралындағы HP кішірейтілген бейнеден қалпына келтіру опциясын таңдауға болады. Кішірейтілген бейнеден қалпына келтіру тек драйверлер мен аппараттық құралдарды қосатын қолданбаларды орнатады. Бейнедегі басқа қолданбаларды HP Recovery Manager ішіндегі Драйверлерді және/немесе қолданбаларды қайта орнату опциясын арқылы орната беруге болады.

Қосымша ақпаратты [HP Recovery Manager арқылы қалпына келтіру \(17-бет\)](#) бөлімінен қараңыз.
- Планшеттің Windows бөлімін бастапқы зауыттық мазмұнына қалпына келтіру керек болса, HP Recovery бөліміндегі (тек таңдаулы үлгілерде) жүйені қалпына келтіру опциясын таңдауға немесе HP Recovery медиа құралын пайдалануға болады. Қосымша ақпаратты [HP Recovery Manager арқылы қалпына келтіру \(17-бет\)](#) бөлімінен қараңыз. Қалпына келтіру медиа құралы жасалмаған болса, [HP қалпына келтіру медиа құралдарын жасау \(тек таңдаулы үлгілерде\) \(15-бет\)](#) бөлімін қараңыз.
- Таңдаулы үлгілерде, компьютердің бастапқы зауыттық бөлімі мен мазмұнын қалпына келтіру керек болса немесе қатты диск ауыстырылса, HP қалпына келтіру медиа құралының зауыттық параметрлерге келтіру опциясын пайдалануға болады. Қосымша ақпаратты [HP Recovery Manager арқылы қалпына келтіру \(17-бет\)](#) бөлімінен қараңыз.
- Таңдаулы үлгілерде, егер қатты диск орнын босату үшін қалпына келтіру бөлімін жойғыңыз келсе, HP Recovery Manager бағдарламасы Remove Recovery Partition (Қалпына келтіру бөлімін жою) опциясын ұсынады.

Қосымша ақпаратты [HP Recovery бөлімін жою \(тек таңдаулы үлгілерде\) \(19-бет\)](#) бөлімінен қараңыз.

HP Recovery Manager арқылы қалпына келтіру

HP Recovery Manager бағдарламасы жасалған немесе HP компаниясынан алған HP қалпына келтіру тасығышын пайдаланып немесе HP қалпына келтіру бөлімі (тең таңдаулы үлгілерде) арқылы компьютерді бастапқы зауыттық күйіне келтіру мүмкіндігін береді. Қалпына келтіру медиа құралы жасалмаған болса, [HP қалпына келтіру медиа құралдарын жасау \(тек таңдаулы үлгілерде\) \(15-бет\)](#) бөлімін қараңыз.

Жұмысқа кіріспес бұрын маңызды ақпаратпен таңысу қажет.

- HP Recovery Manager бағдарламалық құралы тек зауытта орнатылған бағдарламалық құралдарды қалпына келтіреді. Осы компьютермен бірге берілмеген бағдарламалық құралдарды не өндірушінің веб-торабынан жүктеп алу, не өндіруші берген тасығыштан қайта орнату керек.



МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ: HP Recovery Manager арқылы қалпына келтіруді компьютер мәселелерін шешудің ең соңғы шарасы ретінде пайдаланған жөн.

- HP Recovery құралы компьютердің қатты дискісінде ақау болғанда қолданылуы керек. Қалпына келтіру медиа құралы жасалмаған болса, [HP қалпына келтіру медиа құралдарын жасау \(тек таңдаулы үлгілерде\) \(15-бет\)](#) бөлімін қараңыз.
- Зауыттық параметрлерді қалпына келтіру опциясын қолдану үшін (тек таңдаулы үлгілерде) HP қалпына келтіру медиа құралын пайдалану керек. Қалпына келтіру медиа құралы жасалмаған болса, [HP қалпына келтіру медиа құралдарын жасау \(тек таңдаулы үлгілерде\) \(15-бет\)](#) бөлімін қараңыз.
- Егер компьютерде HP қалпына келтіру медиасын жасау мүмкін болмаса немесе HP қалпына келтіру медиа құралы жұмыс істемесе, қалпына келтіру медиасын қолдау қызметінен алуға болады. Байланыс ақпаратын HP веб-сайтынан қарауға болады. <http://www.hp.com/support> мекен-жайын ашып, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.



МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ: HP Recovery Manager жеке деректеріңіздің сақтық көшірмелерін автоматты түрде қамтамасыз етпейді. Қалпына келтіруді бастау алдында сақтау керек бүкіл жеке деректердің сақтық көшірмесін жасаңыз.

HP Recovery медиа құралының көмегімен төмендегі қалпына келтіру опцияларының бірін таңдауға болады:



ЕСКЕРТПЕ: Компьютерде қолданылатын мүмкіндіктер қалпына келтіру процесін бастаған кезде көрсетіледі.

- Жүйені қалпына келтіру - Бастапқы амалдық жүйені қалпына келтіріп, зауытта орнатылған бағдарламалардың параметрлерін реттейді.
- Ықшамдалған кескіннен қалпына келтіру (тек таңдаулы үлгілерде) - Амалдық жүйені және барлық аппараттық құралдармен байланысты драйверлер мен бағдарламалық құралдарды қайта орнатады, бірақ басқа бағдарламалық құрал қолданбаларын орнатпайды.
- Зауыттық параметрлерді қайтару - компьютерді қатты дискіден барлық ақпаратты жойып, бөлімдерді қайта жасау арқылы түпнұсқалық бастапқы зауыттық күйіне қалпына келтіреді. Содан кейін, амалдық жүйе мен зауытта орнатылған бағдарламалық құралдарды қайта орнатады.

HP Recovery бөлімі (тек таңдаулы үлгілерде) жүйені қалпына келтіруге және кішірейтілген бейнеден қалпына келтіруге (тек таңдаулы үлгілерде) мүмкіндік береді.

HP Recovery бөлімін пайдалану (тек таңдаулы үлгілерде)

HP қалпына келтіру бөлімі жүйені қалпына келтіруді немесе кейбір үлгілерде қалпына келтіру дискілерін немесе қалпына келтіру USB флэш жадын қажет етпей барынша аз кескін қалпына келтіруін орындауға мүмкіндік береді. Қалпына келтірудің бұл түрін тек қатты диск жұмыс істеп тұрғанда пайдалану мүмкін болады.

HP Recovery Manager бағдарламасын HP Recovery бөлімінен іске қосу үшін:

1. Тапсырмалар тақтасының іздеу жолағында **восстановление** (қалпына келтіру) сөзін жазып, одан кейін **HP Recovery Manager** тармағын, одан кейін **HP Recovery Environment** тармағын таңдаңыз.
– немесе –
Компьютер жүктелген кезде, **F11** пернесін басыңыз немесе қуат түймешігін басқан кезде **f11** пернесін басып ұстап тұрыңыз.
2. Жүктеу опцияларының мәзірінен **Устранение неполадок** (Ақаулықтарды жою) тармағын таңдаңыз.
3. **Менеджер восстановления** (Қалпына келтіру басқарушысы) тармағын таңдаңыз және экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Қалпына келтіру үшін HP Recovery құралын пайдалану

Бастапқы жүйені қалпына келтіру үшін, HP Recovery құралын қолдануға болады. Бұл әдісті жүйеңізде HP Recovery бөлімі болмаған немесе қатты диск дұрыс жұмыс істемеген жағдайда қолдануға болады.

1. Мүмкін болса, барлық жеке файлдардың сақтық көшірмесін жасаңыз.
2. HP қалпына келтіру медиа дискісін салып, компьютерді өшіріп қайта бастаңыз.



ЕСКЕРТПЕ: Компьютер HP Recovery Manager бағдарламалық құралын автоматты түрде қайта қоспаса, компьютердің жүктелу тәртібін өзгертіңіз. [Компьютердің жүктелу тәртібін өзгерту \(19-бет\)](#) бөлімін қараңыз.

3. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Компьютердің жүктелу тәртібін өзгерту

Егер компьютеріңіз HP Recovery Manager бағдарламасында қайта басаталмаса, компьютерді жүктеу ретін өзгерту қажет. Бұл – компьютер жүктеу ақпаратын іздейтін BIOS ішінде тізілген құрылғылардың реті. Таңдауды оптикалық диск жетегіне немесе USB флэш жадына өзгертуге болады.

Жүктелу ретін өзгерту үшін:

1. HP қалпына келтіру медиа құралын енгізіңіз.
2. Computer Setup утилитасын бастаңыз:
 - ▲ Жүктеу опцияларын көрсету үшін, компьютер немесе планшетті қосыңыз немесе өшіріп қайта бастаңыз да, **esc** пернесін тез басып қалып, **f9** пернесін басыңыз.
3. Жүктегіңіз келетін оптикалық дискіні немесе USB флэш-дискісін таңдаңыз.
4. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

HP Recovery бөлімін жою (тек таңдаулы үлгілерде)

HP Recovery Manager бағдарламалық құралы қатты дискіден орын босату үшін HP Recovery бөлімін жоюға мүмкіндік береді.



МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ: HP Recovery бөлімі жойылғаннан кейін, Windows жүйесінің жаңарту опциясын немесе бәрін жоып, Windows жүйесін қайта орнатуға арналған Windows мүмкіндігін пайдалануға болмайды. Сонымен қатар, жүйені қалпына келтіруге немесе ықшамдалған кескінді HP Recovery бөлімінен қалпына келтіруге болмайды. Қалпына келтіру бөлімін жоймас бұрын, HP Recovery медиа құралын жасаңыз; [HP қалпына келтіру медиа құралдарын жасау \(тек таңдаулы үлгілерде\) \(15-бет\)](#) бөлімін қараңыз.

HP Recovery бөлімін жою үшін мына қадамдарды орындаңыз:


1. Тапсырмалар тақтасының іздеу жолағында **восстановление** (қалпына келтіру) сөзін жазып, **HP Recovery Manager** тармағын таңдаңыз.
2. **Remove Recovery Partition** (Қалпына келтіру бөлімін жою) параметрін таңдаңыз да, жалғастыру үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

10 Windows 8.1 Pro және Windows Embedded 8.1 Industry Pro Retail жүйелерінде сақтық көшірме жасау, қайта сақтау және қалпына келтіру

Компьютеріңізде HP және Windows компаниясы жабдықтаған ақпаратыңызды қорғайтын және қажет кезінде алып шығуға болатын аспаптар мен жұмыс жүйесі бар. Бұл аспаптардың қарапайым қадамдары арқылы компьютерді қалыпты жұмыс күйіне, тіпті зауыттағы түпнұсқа күйіне қайтаруға болады.

Бұл тарауда төмендегі үрдістер туралы ақпарат беріледі:


- Қалпына келтіретін медиа жасау және сақтық көшірмесін жасау
- Жүйені жөндеу және қалпына келтіру

 **ЕСКЕРТПЕ:** Бұл тарау сақтық көшірме жасау, жүйені жөндеу және қалпына келтіру жолдарын сипаттайды. Жабдықталған аспаптар туралы қосымша ақпаратты анықтама және қолдау бөлімінен қараңыз. Бастау экранына **C** әрпін жазыңыз, одан кейін **Справка и поддержка** (анықтама және қолдау) тармағын таңдаңыз.

Қалпына келтіру медиасын жасау және сақтық көшірмесін жасау

Бұзылған жүйені жөндеу сақтық көшірме жасағанмен бірдей.

1. Компьютердің параметрлерін сәтті орнатқаннан кейін, қалпына келтіру құралын жасаңыз. Бұл қадамда компьютерде қалпына келтіру бөлімінің сақтық көшірмесі жасалады. Оны қатты диск бүлінгенде немесе ауыстырылғанда түпнұсқа жұмыс жүйесін қайта орнату үшін қолдануға болады.

 **ЕСКЕРТПЕ:** 32Гб қатты денелі қорда қалпына келтіру бөлшегі болмайды. Ондай жүйелерде қорапта жабдықталған қалпына келтіру медиасын қолданыңыз немесе HP қызмет көрсету орталықтарынан сатып алыңыз.

USB драйвын қолданып, компьютерді қосу мүмкін болмағанда қолданылатын қалпына келтіру драйвын жасақтайсыз. USB драйвын амалдық жүйенің түпнұсқасын қайта орнату үшін және зауытта орнатылған бағдарламаларды қайта орнатуға болады.

 **ЕСКЕРТПЕ:** USB драйвы жадындағы ақпарат сақтық медиасы жасалғанға дейін жойылады.

- Windows 8.1 не Industry 8.1 қалпына келтіру тасымалдағышын жасау үшін Бастау экранында **диск восстановления** (қалпына келтіру дискі) сөзін теріп, **Создание диска восстановления** (Қалпына келтіру дискін жасау) бөлімін таңдаңыз. Экрандағы нұсқауларды орындап әрекетті жалғастырыңыз.
- Windows 8 қалпына келтіру тасымалдағышын жасау үшін Бастау экранында **диск восстановления** (қалпына келтіру дискі) сөзін теріп, **Параметры** (Параметрлер) бөлімін


таңдап, содан кейін **Создание диска восстановления** (Қалпына келтіру дискін жасау) бөлімін таңдаңыз. Экрандағы нұсқауларды орындап әрекетті жалғастырыңыз.


2. Windows құралдарын қолдана отырып, жүйені қалпына келтіру нүктелері мен жеке бас ақпараттардың қосымша көшірмесін жасап қойыңыз. Қосымша ақпарат және қадамдар жайлы білгіңіз келсе, Анықтама және Қолдау тармағын қараңыз. Бастау экранына **с** әрпін жазыңыз, одан кейін **Справка и поддержка** (анықтама және қолдау) тармағын таңдаңыз.

Windows құралдарын қолдана отырып, қалпына келтіру және жөндеу

Windows жүйесі сақтық көшірмеден қалпына келтіру, компьютерді қалпына келтіру және компьютерді оның бастапқы қалпына келтіру үшін бірнеше опцияны ұсынады. Қосымша ақпаратты және нұсқауларды алу үшін Анықтама және қолдау бағдарламасын қараңыз. Бастау экранына **справка** (анықтама) сөзін теріп, одан кейін **Справка и поддержка** (Анықтама және қолдау) пәрменін таңдаңыз.


Жүйе істемей тұрғанда, қайта қосу пәрменін қолдану

 **ЕСКЕРТПЕ:** Кейбір тапсырмаларды орындағанда, пайдаланушы тіреклімін басқарушы сізден рұқсат немесе кұпия сөз талап етуі мүмкін. Тапсырманы жалғастыру үшін, қажетті опцияны таңдаңыз. Пайдаланушы тіркелімін басқару туралы толығырақ ақпарат алу үшін, анықтама және қолдау бөлімін көріңіз. Бастау экранына **с** әрпін жазыңыз, одан кейін **Справка и поддержка** (анықтама және қолдау) тармағын таңдаңыз.

 **МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ:** Reset ақпараттың сақтық көшірмесін жасамайды. Reset қолданьасын пайдаланарда өзіңізге қажетті жеке ақпараттың сақтық көшірмесін жасаңыз.

Егер Windows-тің қалпына келтіру қадамдары және жүйе жұмыс істемей тұрса, параметрлерді өзгерту үшін, келесі қадамдарды орындаңыз:

1. Мүмкін болса, барлық жеке файлдарды көшіріңіз.
2. Мүмкін болса, HP қалпына келтіру бөлімінің бар-жоғын тексеріңіз:
 - Windows 8.1 немесе Industry 8.1 жүйесі үшін, Бастау экранында **ПК** әріптерін теріңіз, содан кейін **Этот ПК** (Осы ЖК) пәрменін таңдаңыз.
 - Windows 8 жүйесінде, Бастау экранында **с** әрпін теріңіз, содан кейін **Computer** (Компьютер) тармағын таңдаңыз.


 **ЕСКЕРТПЕ:** Егер HP қалпына келтіру бөлігі тізімде болмаса немесе оның бар-жоғын тексеру мүмкін болмаса, өзіңіз жасаған қалпына келтіру медиасын қолданып, қалпына келтіріңіз. [Windows USB флэш драйвын қолданып, қалпына келтіру \(23-бет\)](#) бөлімін қараңыз. Немесе Windows операциялық жүйесінің медиасын және *Driver Recovery* (қатты дискіні қалпына келтіру) медиасын қолдануыңыз қажет (бөлек сатылады); [Windows амалдық жүйесінің медиасын \(бөлек сатылады\) қолданып, қалпына келтіру \(23-бет\)](#) бөлімін қараңыз.

3. Егер HP қалпына келтіру бөлімі көрсетілген болса, компьютерді қайта жүктеп, компания логотипі көрсетілген кезде **esc** пернесін басыңыз. Компьютердің Іске қосу мәзірі көрсетіледі.
4. «Жүйені қалпына келтіру» опциясын таңдау үшін **f11** пернесін басыңыз.
5. Пернетақтаның орналасу күйін таңдаңыз.
6. **Ақаулықтады жою** бөлімін таңдаңыз.

7. **Сброс** (параметрін өзгерту) пәрменін таңдаңыз.
8. Жалғастыру үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Windows USB флэш драйвын қолданып, қалпына келтіру


Өзіңіз жасақтаған қалпына келтіру USB драйвы арқылы жүйен қалпына келтіру үшін:

 **ЕСКЕРТПЕ:** Сақтық USB драйвын жасақтамасаңыз немесе ол жұмыс істемесе, [Windows амалдық жүйесінің медиасын \(бөлек сатылады\) қолданып, қалпына келтіру \(23-бет\)](#) тарауын қараңыз.


1. Мүмкін болса, барлық жеке файлдарды көшіріңіз.
2. Жасаған қалпына келтіру USB флэш жадын компьютердің USB портына қосыңыз.
3. Компьютерді қайта бастаңыз және HP лого экраны көрсетілгенде, **f9** пернесін басып, қосу құралдарының тізімін шығарыңыз. Жебе пернелерін қолданып, USB драйвын UEFI қосу көздерінің тізімінен таңдаңыз. Сол құрылғыдан іске қосу үшін **Enter** (енгізу) пернесін басыңыз.
4. Пернетақтаның орналасу күйін таңдаңыз.
5. **Ақаулықтады жою** бөлімін таңдаңыз.
6. **Компьютерді жаңалау** пәрменін таңдаңыз.
7. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Windows амалдық жүйесінің медиасын (бөлек сатылады) қолданып, қалпына келтіру

Windows-тің операциялық DVD жүйесіне тапсырыс беру үшін, қолдау бөлімімен байланысыңыз. <http://www.hp.com/support> бөліміне кіріп, мемлекетті немесе аймақты таңдаңыз, содан кейін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

 **ЕСКЕРТУ:** Windows операциялық жүйесінің медиасын қолдану, қатты дискідегі барлық мағлұматтарды жойып жібереді. Сіздің компьютеріңізде құрылған және кез-келген орнатылған файлдар біржола жойылады. Қайта пішімдеу аяқталған кезде, қалпына келтіру процесі операциялық жүйені, сонымен қатар драйверлерді, бағдарламалық құралдарды және қызметтік бағдарламаларды қалпына келтіруге көмектеседі.

Қалпына келтіруді Windows амалдық жүйесі ақпарат тасушысын пайдаланып бастау үшін:

 **ЕСКЕРТПЕ:** Бұл процесс бірнеше минут алады.

1. Мүмкін болса, барлық жеке файлдарды көшіріңіз.
2. Компьютерді қайта іске қосып, операциялық жүйені орнату үшін Windows операциялық жүйесі ақпарат тасушысымен берілген нұсқауларды орындаңыз.
3. Сұралған кезде пернетақтадағы кез келген пернені басыңыз.
4. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Жөндеу аяқталып, Windows жұмыс үстелі көрінгенде:

1. Windows операциялық жүйесі ақпарат тасушысын алып, *Драйверді қалпына келтіру* ақпарат тасушысын салыңыз.
2. Алдымен құрылғыны іске қосу драйверлерін орнатып, сосын ұсынылған бағдарламаларды орнатыңыз.

11 Windows 7 Professional, Windows Embedded Standard 7 және Windows Embedded POSReady 7 жүйелерінде сақтық көшірме жасау, қайта сақтау және қалпына келтіру

Компьютеріңізде HP және Windows компаниясы жабдықтаған ақпаратыңызды қорғайтын және қажет кезінде алып шығуға болатын аспаптар мен жұмыс жүйесі бар. Бұл аспаптардың қарапайым қадамдары арқылы компьютерді қалыпты жұмыс күйіне, тіпті зауыттағы түпнұсқа күйіне қайтаруға болады.

Бұл тарауда төмендегі үрдістер туралы ақпарат беріледі:

- Қалпына келтіру медиасын жасау және сақтық көшірмесін жасау
- Жүйені жөндеу және қалпына келтіру



ЕСКЕРТПЕ: Бұл бөлімде сақтық көшірме жасау, қалпына келтіру және жөндеу опцияларына шолу сипатталған. Берілген Windows сақтық көшірме жасау және қалпына келтіру құралдары туралы қосымша мәліметтерді алу үшін Анықтама және Қолдау қызметін қараңыз. Анықтама және қолдау орталығына кіру үшін **Пуск** (Бастау) түймесін басып, **Справка и поддержка** (Анықтама және қолдау көрсету) бөлімін таңдаңыз.

Бұзылған жүйені жөндеу сақтық көшірме жасағанмен бірдей.

1. Компьютердің параметрлерін сәтті орнатқаннан кейін, қалпына келтіру құралын жасаңыз. Бұл медианы қатты диск бүлінгенде немесе ауыстырылғанда түпнұсқа жұмыс жүйесін қайта орнату үшін қолдануға болады. [Қалпына келтіру медиасын жасау \(25-бет\)](#) бөлімін қараңыз.
2. Аппараттық құрал және бағдарламалар қосқаннан кейін жүйені қалпына келтіру нүктелерін жасаңыз. Жүйені бастапқы қалпына келтіру нүктесі — Windows жүйесін бастапқы қалпына келтіру утилитасымен белгілі бір сәтте сақталған қатты диск мазмұнының кескіні. Жүйені қалпына келтіру нүктесінде реестр параметрлері сияқты Windows пайдаланатын ақпарат болады. Windows жүйесі бастапқы қалпына келтіру нүктесін Windows жүйесін жаңарту және жүйеге басқа да күтім көрсету үрдісі (мысалы, бағдарламалық құралды жаңарту, қауіпсіздікті тексеру немесе жүйенің диагностикасын жасау) барысында автоматты түрде жасайды. Сонымен қатар, жүйені қалпына келтіру нүктесін кез келген уақытта қолмен жасауға болады. Қосымша ақпаратты және белгілі бір жүйені қалпына келтіру нүктелерін жасау қадамдарын Справка и поддержка (Анықтама және қолдау) бөлімінен қараңыз. Анықтама және қолдау орталығына кіру үшін **Пуск** (Бастау) түймесін басып, **Справка и поддержка** (Анықтама және қолдау көрсету) бөлімін таңдаңыз.
3. Фото, видео, музыка және басқа жеке файлдар қосқанда, жеке ақпаратыңыздың сақтық көшірмесін жасап қойыңыз. Егер файлдар қатты дискіден абайсызда жойылып кетсе және қоқыс себетінен қалпына келтірілмесе немесе файлдар бүлінсе, файлдарды сақтық көшірмесі арқылы қалпына келтіруге болады. Жүйенің зақымдалуы орын алғанда, компьютеріңіздің файлдарын

қалпына келтіру үшін сақтық көшіру файлдарын пайдалануыңызға болады. [Мәліметтердің сақтық көшірмесін жасау \(27-бет\)](#) бөлімін қараңыз.



ЕСКЕРТПЕ: Жүйе жұмысы тұрақсыз болған жағдайда, HP сізге қалпына келтіру қадамдарын басып шығарып, кейін пайдалану үшін сақтап қоюға кеңес береді.

Қалпына келтіру медиасын жасау

Компьютердің параметрлерін сәтті орнатқаннан кейін, қалпына келтіру құралын жасаңыз. Бұл медианы қатты диск бүлінгенде немесе ауыстырылғанда түпнұсқа амалдық жүйесін қайта орнату үшін қолдануға болады.

Ақпарат тасушасын қалпына келтірудің екі жолы бар. Сіздің компьютеріңізге қай қадамдарды қолдану қажет екендігін анықтау үшін:

1. **Пуск** (Бастау) түймесін басыңыз.
2. **Все программы** (Барлық бағдарламалар) бөлімін таңдаңыз.
 - Егер **Security and Protection** тізімі болса, тізімдегі қадамдарды орындаңыз [HP Recovery Manager-ді қолдана отырып, қалпына келтіру медиасын жасау \(таңдаулы үлгілерде ғана\) \(25-бет\)](#).
 - Егер **Productivity and Tools** тізімі болса, тізімдегі қадамдарды орындаңыз [HP Recovery Disc Creator \(HP қалпына келтіру дискін жасағыш\) қолданбасы арқылы қалпына келтіру дискілерін жасау \(таңдаулы үлгілерде ғана\) \(26-бет\)](#).

HP Recovery Manager-ді қолдана отырып, қалпына келтіру медиасын жасау (таңдаулы үлгілерде ғана)

- Сақтық дискілерін жасау үшін, компьютерде DVD жазғыш болу керек. DVD+R немесе DVD-R дискілерін қолданыңыз (бөлек сатылады). Қолданылатын дискілер қолданыстағы оптикалық драйв түріне байланысты болады.



ЕСКЕРТПЕ: DVD+R DL, DVD-R DL, немесе DVD±RW дискілерінің қолдауы жоқ.

- Оның орнына жоғары сапалы USB флэш жадын пайдаланып, қалпына келтіру USB флэш жадын жасауға болады.
- Егер қалпына келтіру дискілерін жасап жатсаңыз, тек жоғары сапалы дискілерді пайдаланыңыз. Зақымданған дисктер қабылданбаса, ол жүйе үшін қалыпты нәрсе. Сізге әрекетті қайталау үшін жаңа бос дискіні салу ұсынылады.
- Қалпына келтіру дискілер жиынындағы дискілердің саны компьютеріңіздің моделіне байланысты (әдетте 3-6 DVD дискілері). Қалпына келтіру ақпарат тасушысын жасау бағдарламасы жиынды жасау үшін қажет бос дискілердің нақты санын айтады. Егер USB флэш жадын пайдаланып жатсаңыз, бағдарлама барлық деректерді сақтау үшін қажет дискі өлшемін айтады (ең кемі 8 ГБ).



ЕСКЕРТПЕ: Қалпына келтіру ақпарат тасушысын жасау – ұзақ процесс. Процестен кез келген уақытта шыға аласыз. Процесті келесіде іске қосқанда, ол қалдырған жерден жалғасады.



ЕСКЕРТПЕ: Қалпына келтіру ақпарат тасушысын жасау үшін мультимедиа карталарын пайдаланбаңыз. Жүйе мультимедиа картасынан іске қосылмауы және жүйені қалпына келтіруді орындай алмауыңыз мүмкін.

Қалпына келтіру дискілерін жасау үшін:

1. Ашық тұрған барлық бағдарламаны жабыңыз.
2. **Пуск** (Бастау) түймесін басып, **Все программы** (Барлық бағдарламалар), **Безопасность и защита** (Қауіпсіздік және қорғаныс), **Диспетчер восстановления** (Қалпына келтіру реттегіші) бөлімдерін таңдап, содан кейін **HP Создание носителя восстановления** (HP қалпына келтіру тасымалдағышын жасау) бөлімін таңдаңыз. Сұралса, бағдарламаға жалғастыру рұқсатын беру үшін **Иә** түймесін басыңыз.
3. **Создание носителя восстановления с помощью пустой DVD** (Бос DVD дискінің көмегімен қалпына келтіру тасымалдағышын жасау) бөлімін таңдап, **Следующий** (Келесі) түймесін басыңыз.
4. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз. Әр диск жасалған сайын оларды белгілеп (мысалы, «Қалпына келтіру 1», «Қалпына келтіру 2» деп), дисктерді қауіпсіз жерге сақтап қойыңыз.

Қалпына келтіру USB флэш жадын жасау үшін:



ЕСКЕРТПЕ: Сыйымдылығы кемінде 8 Гб USB флэш жад құралын пайдалану керек.



ЕСКЕРТПЕ: Қалпына келтіру ақпарат тасушысын жасау әрекеті ондағы бүкіл файлдарды жоя отырып, USB флэш жадын пішімдейді.

1. Ашық тұрған барлық бағдарламаны жабыңыз.
2. USB флэш жадын компьютердің USB портына қосыңыз.
3. **Пуск** (Бастау) түймесін басып, **Все программы** (Барлық бағдарламалар), **Безопасность и защита** (Қауіпсіздік және қорғаныс), **Диспетчер восстановления** (Қалпына келтіру реттегіші) бөлімдерін таңдап, содан кейін **Создание носителя восстановления** (Қалпына келтіру тасымалдағышын жасау) бөлімін таңдаңыз.
4. **Создание носителя восстановления с помощью USB-устройство флэш-памяти** (USB флэш жадының көмегімен қалпына келтіру тасымалдағышын жасау) бөлімін таңдап, **Следующий** (Келесі) түймесін басыңыз.
5. Тасымалдағыштар тізімінен USB флэш жадын таңдаңыз. Бағдарлама қалпына келтіру дискін жасау үшін қанша бос орын қажет екендігін көрсетеді. USB флэш жадында орын жеткіліксіз болса, ол сұр түсте пайда болады және оны көлемі үлкенірек USB флэш жадымен ауыстыру керек. **Следующий** (Келесі) таңдаңыз.
6. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз. Процесс аяқталған кезде, USB жад құрылғысына белгі қойып, қауіпсіз жерде сақтаңыз.

HP Recovery Disc Creator (HP қалпына келтіру дискін жасағыш) қолданбасы арқылы қалпына келтіру дискілерін жасау (таңдаулы үлгілерде ғана)

HP Recovery Disc Creator (HP қалпына келтіру дискін жасағыш) компьютерлік бағдарламасы, таңдаулы үлгілерде қалпына келтіру дискілерін жасауға мүмкіндік береді. Компьютер жұмыс жүйелерін толығымен реттегеннен соң, HP Recovery Disc Creator (HP қалпына келтіру дискін жасағыш) бағдарламасын қолданып, қалпына келтіру дискілерін жасауыңызға болады. Қатты диск зақымданып қалған жағдайда, қалпына келтіру дискілері амалдық жүйенің түнұсқасын қайта орнату және драйверлер мен қолданбаларды таңдау мүмкіндігін ұсынады. HP қалпына келтіру дискін жасағыш екі түрлі қалпына келтіру дискісін жасайды:

- Амалдық жүйе DVD дискісі—Амалдық жүйені қосымша драйверлер немесе қолданбалардың көмегінсіз орнатады.
- *Драйверлерді қалпына келтіру* DVD дискісінен дәл HP Software Setup утилитасы драйверлер мен қолданбаларды орнатқандай, тек белгілі бір драйверлер мен қолданбалар орнатылады.

Сақтық дискілерін жасау үшін, компьютерде DVD жазғыш болу керек. Келесі дискілердің бірін қолданыңыз (бөлек сатылады): DVD+R, DVD+R DL, DVD-R, DVD-R DL, немесе DVD±RW. Қолданылатын дискілер қолданыстағы оптикалық драйв түріне байланысты болады.

Қалпына келтіру дискілерін жасақтау



ЕСКЕРТПЕ: Амалдық жүйе DVD дискісі бір рет қана жасақталады. Windows DVD-ін жасағаннан кейін, медианы жасау опциясы қолжетімсіз болады.

Windows DVD дискісін жасау үшін

1. **Пуск** (Бастау) түймесін басып, **Все программы** (Барлық бағдарламалар), **Производительность и инструменты** (Өнімділік пен құралдар) бөлімдерін таңдап, содан кейін **HP Recovery Disc Creator** бөлімін таңдаңыз.
2. **Windows дискісін** таңдаңыз.
3. Ашылмалы мәзірден қалпына келтіру құралын жазу үшін дискіні таңдаңыз.
4. Жазу процесін бастау үшін **Создание** (Жасау) түймесігін басыңыз. Жасақталған дискіге жапсырма жапсырып, қауіпсіз жерге сақтап қойыңыз.

Амалдық жүйе DVD дискісі жасақталған соң, *Драйверді қалпына келтіру* DVD дискін жасаңыз:

1. **Пуск** (Бастау) түймесін басып, **Все программы** (Барлық бағдарламалар), **Производительность и инструменты** (Өнімділік пен құралдар) бөлімдерін таңдап, содан кейін **HP Recovery Disc Creator** бөлімін таңдаңыз.
2. **Драйверлер дискісін** таңдаңыз.
3. Ашылмалы мәзірден қалпына келтіру құралын жазу үшін дискіні таңдаңыз.
4. Жазу процесін бастау үшін **Создание** (Жасау) түймесігін басыңыз. Жасақталған дискіге жапсырма жапсырып, қауіпсіз жерге сақтап қойыңыз.

Мәліметтердің сақтық көшірмесін жасау

Жүйе орнатылғаннан кейін, бастапқы сақтық көшіруді дереу жасауыңыз қажет. Жаңа бағдарлама мен деректер файлдарын қосқаннан кейін, орынды сақтық көшіруді қамтамасыз ету үшін жүйені әдепкі негізде сақтық көшіруді жалғастыруыңыз тиіс. Бастапқы және одан кейін жасалған сақтық көшірмелер ақаулық болған жағдайда деректер мен параметрлерді қалпына келтіруге мүмкіндік береді.


Деректеріңіздің сақтық көшірмесін қосымша сыртқы қатты дискке, желі драйверіне немесе дискілерге сақтауға болады.

Сақтық көшірме жасау барысында мыналарды ескеріңіз:


- Жеке файлдарды құжаттар кітапханасы бөліміне сақтап, олардың сақтық көшірмелерін тұрақты түрде жасап тұрыңыз.
- Қатысты бағдарламаларда сақталған үлгілердің сақтық көшірмелерін жасаңыз.
- Параметрлердің экрандағы суреттерін түсіріп алу арқылы терезеде, құралдар тақтасында немесе мәзірлер тақтасында көрінетін теңшелген параметрлерді сақтаңыз. Экран суретін түсіру теңшелімдерді қалпына келтіру керек болған жағдайда уақытыңызды үнемдейді.
- Дискілерге сақтағанда, дискіні ұядан шығарған соң, әр дискіні нөмірлеңіз.



ЕСКЕРТПЕ: Сақтық көшірме жасау және қпаратты қалпына келтіру туралы қосымша ақпарат алу үшін анықтама және қолдау бөлімін қараңыз. Анықтама және қолдау орталығына кіру үшін **Пуск** (Бастау) түймесін басып, **Справка и поддержка** (Анықтама және қолдау көрсету) бөлімін таңдаңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Кейбір тапсырмаларды орындаған кезде Пайдаланушы тіркелгісін басқару рұқсатты немесе құпия сөзді сұрауы мүмкін. Тапсырманы жалғастыру үшін тиісті опцияны таңдаңыз. Пайдаланушы тіркелгісін басқару туралы ақпарат алу үшін Анықтама және қолдау бөлімін қараңыз: **Бастау** түймесін басып, **Справка и поддержка** (Анықтама және қолдау көрсету) бөлімін таңдаңыз.


Windows Backup and Restore (Windows сақтық көшірме және қалпына келтіру) арқылы сақтық көшірме жасау

 **ЕСКЕРТПЕ:** Сақтық көшірме жасау бір сағаттан астам уақыт алуы мүмкін, ол файл көлемі мен компьютер жылдамдығына байланысты.

1. **Пуск** (Бастау) түймесін басып, **Все программы** (Барлық бағдарламалар), **Обслуживание** (Техникалық қызмет көрсету) бөлімдерін таңдап, содан кейін **Резервное копирование и восстановление** (Сақтық көшірме жасау және қалпына келтіру) бөлімін таңдаңыз.
2. Сақтық көшірме жасау бағдарламасын орнату үшін экрандағы нұсқауларды орындап орнатыңыз.

Жүйені қалпына келтіру


Компьютеріңізге орнатылған бағдарлама себебінен қиыншылықтар туындап жатса немесе жеке мағлұматтарды жоғалтпай, жүйені алдыңғы қалпына келтіргіңіз келсе, Жүйені қалпына келтіру пәрменін таңдап, компьютерді алдыңғы қалыпқа келтіріңіз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Жүйені қалпына келтіру мүмкіндігін пайдалану алдында әрқашан осы Жүйені қалпына келтіру процедурасын орындаңыз.

Жүйені қалпына келтіре бастау үшін:


1. Ашық тұрған барлық бағдарламаны жабыңыз.
2. **Пуск** түймесін басып, **Компьютер** белгішесін тінтуірдің оң жақ түймесімен басыңыз және **Свойства** (Сипаты) бөлімін таңдаңыз.
3. **Защита системы** (Жүйе қорғанысы), **Восстановление системы** (Жүйені қалпына келтіру) бөлімдерін таңдап, **Следующий** (Келсеі) түймесін түртіп, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Жүйені қалпына келтіріп жөндеу

 **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Бұл процедурада барлық пайдаланушы мәліметтері жойылады. Мәлімет жоғалуының алдын алу үшін, барлық пайдаланушы мәліметтерінің сақтық көшірмелерін міндетті түрде жасаңыз, осылайша оларды жүйе қалпына келген соң орнына қоясыз.

Жүйені қалпына келтіру қатты дискіні толығымен өшіріп, қатты дискіні қайта форматтайды. Бұл кезде жасалған барлық деректер файлдары жойылады, содан кейін операциялық жүйе, бағдарламалар мен драйверлер қайта орнатылады. Бірақ, компьютерде өндіруші орнатпаған барлық бағдарламаларды қайта орнату керек. Бұған компьютермен бірге берілетін ақпарат тасушылардағы бағдарламалар және сатып алғаннан кейін орнатылған барлық бағдарламалар кіреді. Барлық жеке файлдарды жасалған сақтық көшірмелер арқылы қалпына келтіру қажет.


Егер жүйені қалпына келтіру DVD дискілерін немесе USB флэш жадын жасай алмасаңыз, қолдау орталығынан қалпына келтіру дискілерінің жинағына тапсырыс бере аласыз. <http://www.hp.com/support> бөліміне кіріп, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.


 **ЕСКЕРТПЕ:** Жүйені қалпына келтіру бағдарламасын пайдалану алдында әрқашан қатеден кейін жүйені қалпына келтіру процедурасын орындаңыз. [Жүйені қалпына келтіру \(28-бет\)](#) бөлімін қараңыз.

Жүйені қалпына келтіруді орындау үшін келесі әдістердің бірін таңдауға болады:

- Қалпына келтіру кескіні – қатты дискіде сақталған қалпына келтіру кескінінен Жүйені қалпына келтіру бағдарламасын іске қосыңыз. Қалпына келтіру кескіні – бұл өндіруші компьютерге орнатқан бастапқы бағдарламалардың көшірмесі бар файл. Жүйені қалпына келтіру бейнесінен қалпына келтіру үшін, [Windows жауап бере алатын кезде жүйені қалпына келтіру \(29-бет\)](#) немесе [Windows жауап бермеген кезде жүйені қалпына келтіру \(30-бет\)](#) бөлімін қараңыз.
- Қалпына келтіру дискілері – жүйені қалпына келтіруді қатты дискіде сақталған файлдардан жасаған қалпына келтіру дискілерінен немесе бөлек сатып алған дискілерден іске қосыңыз. [Қалпына келтіру медиасын қолданып, жүйені қалпына келтіру \(тек таңдаулы үлгілерде\) \(30-бет\)](#) бөлімін қараңыз.

Windows жауап бере алатын кезде жүйені қалпына келтіру

 **ЕСКЕРТУ:** Жүйені қалпына келтіру жасалған немесе орнатылған барлық деректерді және бағдарламаларды жояды. Бастамас бұрын, кез келген ақпараттық деректердің сақтық көшірмесін ықшам дискке, DVD дискіне немесе USB жад құрылғысына жасап алыңыз.


 **ЕСКЕРТПЕ:** Кейбір жағдайларда қалпына келтіру ақпарат тасушысын осы процедурада пайдалану керек. Егер бұл медианы әлі жасамасаңыз, келесі нұсқаулықтарды орындаңыз [Қалпына келтіру медиасын жасау \(25-бет\)](#).

Егер компьютер қосылып тұрса және амалдық жүйе жауап берсе, жүйені келесі қадамдарды орындап жөндеңіз:

1. Компьютерді өшіріңіз.
2. Компьютерден монитор, пернетақта және тінтуірден басқа барлық перифериялық құрылғыларды ажыратыңыз.
3. Компьютерді қосыңыз.
4. Windows жүктелгенде **Пуск** (Бастау) түймесін басып, **Все программы** бөлімін таңдаңыз.
 - Егер **Security and Protection** (Қауіпсіздік және қорғау) тізімде болса, [5](#) бөліміндегі қадамдарды орындаңыз.
 - Егер **Productivity and Tools** (Өнімділік және құралдар) тізімде болса, [Windows жауап бермеген кезде жүйені қалпына келтіру \(30-бет\)](#) тармағындағы қадамдарды орындаңыз.
5. **Безопасность и защита** (Қауіпсіздік және қорғаныс), **Диспетчер восстановления** (Қалпына келтіру реттегіші) бөлімдерін таңдап, содан күйін **Диспетчер восстановления** (Қалпына келтіру реттегіші) бөлімін таңдаңыз. Сұралса, бағдарламаға жалғастыру рұқсатын беру үшін **Иә** түймесін басыңыз.
6. **Жедел көмек қажет** бөлімінің астындағы **Восстановления системы** (Жүйені қалпына келтіру) бөлімін таңдаңыз.
7. **Да** (Иә) түймесін, одан кейін **Следующий** (Келесі) түймесін басыңыз. Компьютер қайта іске қосылады.
8. Компьютер қайта іске қосылғанда Қалпына келтіру реттегішінің бастапқы экранын қайта көресіз. **Жедел көмек қажет** бөлімінің астындағы **Восстановления системы** (Жүйені қалпына келтіру) бөлімін таңдаңыз. Файлдардың сақтық көшірмесін жасау сұралса және оны әлі орындамаған болсаңыз, **Алдымен файлдардың сақтық көшірмесін жасау (ұсынылған)** түймесін басып, **Следующий** (Келесі) түймесін басыңыз. Кері жағдайда **Файлдардың сақтық көшірмелерін жасамай қалпына келтіру** түймесін басып, содан кейін **Следующий** (Келесі) түймесін басыңыз.

9. Жүйені қалпына келтіру басталады. Жүйені қалпына келтіру аяқталғаннан кейін компьютерді қайта іске қосу үшін **Готово** (Аяқтау) түймесін басыңыз.
10. Windows жүктелген кезде, компьютер жұмысын аяқтап, барлық перифериялық құрылғыларды қайта жалғап, компьютерді қайта іске қосыңыз.

Windows жауап бермеген кезде жүйені қалпына келтіру


 **ЕСКЕРТУ:** Жүйені қалпына келтіру жасалған немесе орнатылған барлық деректерді және бағдарламаларды жояды.

Егер Windows жүйесі жауап бермей, компьютер істеп тұрса, жүйені төмендегі қадамдарды орындап қалпына келтіріңіз.

1. Компьютерді өшіріңіз. Қажет болса, қуат түймесін компьютер өшкенше басып тұрыңыз.
2. Компьютерден монитор, пернетақта және тінтуірден басқа барлық перифериялық құрылғыларды ажыратыңыз.
3. Компьютерді қосу үшін, қуат түймесін басыңыз.
4. HP логотипі экранын көргеннен кейін экранда *Windows файлдарды жүктеуде...* көрінбейінше пернетақтадағы **f11** пернесін дереу қайталап басыңыз.
5. HP қалпына келтіру бөлшегі менеджері экранындағы нұсқауларды орындаңыз.
6. Windows жүктелген кезде, компьютер жұмысын аяқтап, барлық перифериялық құрылғыларды қайта жалғап, компьютерді қайта іске қосыңыз.

Қалпына келтіру медиасын қолданып, жүйені қалпына келтіру (тек таңдаулы үлгілерде)

Егер қалпына келтіру медиасын [HP Recovery Manager-ді қолдана отырып, қалпына келтіру медиасын жасау \(таңдаулы үлгілерде ғана\) \(25-бет\)](#) қолданып жасаған болсаңыз, осы бөлімде берілген қадамдарды орындаңыз. Егер амалдық жүйе DVD дискісі мен *Драйверді қалпына келтіру* дискісін жасақтау үшін HP Recovery Disc Creator (HP қалпына келтіру дискін жасақтаушы) бағдарламасын қолдансаңыз, [HP жүйесінің қалпына келтіру дискілерін қолдану \(тек таңдаулы үлгілерде\) \(31-бет\)](#) бөліміндегі қадамдарды орындаңыз.

 **ЕСКЕРТУ:** Жүйені қалпына келтіру жасалған немесе орнатылған барлық деректерді және бағдарламаларды жояды. Ықшам немесе DVD дискіге немесе USB флэш жадына барлық маңызды деректердің сақтық көшірмесін жасаңыз.

Қалпына келтіру ақпарат тасушыларының көмегімен жүйені қалпына келтіру үшін:

1. Егер DVD дискілері жинағын пайдаланып жатсаңыз, DVD драйвері науасына 1-қалпына келтіру дискісін салып, науаны жабыңыз. Егер қалпына келтіру USB флэш жадын пайдаланып жатсаңыз, оны USB портына қайта қосыңыз.
2. **Пуск** (Бастау) түймесін басып, одан кейін **Завершение работы** (Жұмысты аяқтау) параметрін таңдаңыз.
– немесе –
Компьютер жауап бермей жатса, қуат түймесін 5 секундтай немесе компьютер өшкенше басып тұрыңыз.
3. Компьютерден монитор, пернетақта және тінтуірден басқа барлық перифериялық құрылғыларды ажыратыңыз.

4. Компьютерді қосу үшін қуат түймесін басыңыз, компьютер қосылу барысында бастау мәзірін көрсету үшін, **Esc** түймесін басыңыз.
5. Іске қосу мәзірін таңдау үшін көрсеткі пернелерін пайдаланып, **Enter** түймесін басыңыз. Қалпына келтіру медиасы (USB немесе DVD) салынған жерді таңдау үшін көрсеткі пернелерін пайдаланыңыз. Сол құрылғыдан іске қосу үшін **Enter** пернесін басыңыз.
6. Қалпына келтіру реттегіші жүйені қалпына келтіруді тасымалдағыштан не қатты дисктен іске қосуды сұраса, **Тасымалдағыш** опциясын таңдаңыз. Бастапқы экранда **Жедел көмек қажет** бөлімінің астындағы **Сброс параметров** (Зауыттық параметрлерге қалпына келтіру) түймесін басыңыз.
7. Файлдардың сақтық көшірмесін жасау сұралса және оны әлі орындамаған болсаңыз, **Алдымен файлдардың сақтық көшірмесін жасау (ұсынылған)** түймесін басып, **Следующий** (Келесі) түймесін басыңыз. Кері жағдайда **Файлдардың сақтық көшірмелерін жасамай қалпына келтіру** түймесін басып, содан кейін **Следующий** (Келесі) түймесін басыңыз.
8. Егер келесі қалпына келтіру дискісін салу ұсынылса, солай істеңіз.
9. «Диспетчер восстановления» бағдарламасы жұмысын аяқтағанда, жүйеден қалпына келтіру дискісін немесе қалпына келтіру USB флэш жадын алыңыз.
10. Компьютерді қайта қосу үшін **Готово** (Аяқтау) түймесін басыңыз.


HP жүйесінің қалпына келтіру дискілерін қолдану (тек таңдаулы үлгілерде)

Егер амалдық жүйе DVD дискісі мен *Драйверді қалпына келтіру* дискісін жасақтау үшін HP Recovery Disc Creator (HP қалпына келтіру дискін жасақтаушы) бағдарламасын қолдансаңыз осы бөлімде берілген қадамдарды орындаңыз. [HP Recovery Manager-ді қолдана отырып, қалпына келтіру медиасын жасау \(таңдаулы үлгілерде ғана\) \(25-бет\)](#) қолдана отырып, қалпына келтіру медиасын жасасаңыз [Қалпына келтіру медиасын қолданып, жүйені қалпына келтіру \(тек таңдаулы үлгілерде\) \(30-бет\)](#) бөліміндегі қадамдарды орындаңыз.


HP қалпына келтіру дискін жасақтаушысы арқылы жасалған дискілерді қолдана алмасаңыз (тек таңдаулы үлгілерде), компьютерді қайта бастап, амалдық жүйені жөндеу үшін амалдық жүйе DVD-ін сатып алу керек.

Амалдық жүйе DVD дискісіне тапсырыс беру үшін, қолдау бөлімімен байланысыңыз.

<http://www.hp.com/support> бөліміне кіріп, мемлекетті немесе аймақты таңдаңыз, содан кейін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

 **ЕСКЕРТУ:** Windows Embedded Standard 7 не Windows Embedded POSReady 7 операциялық жүйесінің DVD дискін пайдалансаңыз, қатты дисктегі мазмұнды толықтай өшіріп, қатты дискті қайта пішімдейді. Жасалған барлық файлдар мен компьютерге орнатылған кез-келген бағдарламалық құралдар біржолата жойылады. Қайта пішімдеу аяқталғанда, қалпына келтіру процесі амалдық жүйені, сондай-ақ драйверлерді, бағдарламалық құралдарды және утилиталарды қалпына келтіруге көмектеседі.

Windows Embedded Standard 7 не Windows Embedded POSReady 7 операциялық жүйе DVD дискісінің көмегімен қалпына келтіру үшін:

 **ЕСКЕРТПЕ:** Бұл процесс бірнеше минутқа созылады.

1. Мүмкін болса, барлық жеке файлдардың сақтық көшірмесін жасаңыз.
2. Компьютерді қайта бастаңыз, амалдық жүйе DVD дискін Windows амалдық жүйесі жүктелгенге дейін оптикалық драйвқа салыңыз.



ЕСКЕРТПЕ: Егер компьютер DVD дискін ашпаса, компьютерді қайта бастап, компьютер қосылып жатқанда, **Esc** пәрменін басыңыз. Іске қосу мәзірін таңдау үшін көрсеткі пернелерін пайдаланып, **Enter** пернесін басыңыз. Қалпына келтіру DVD-і қосылған орынды таңдау үшін, меңзер кілттерін қолданыңыз. Сол құрылғыдан іске қосу үшін **Enter** пернесін басыңыз.

3. Сұралғанда, пернетақтадағы кез келген пернені басыңыз.
4. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
5. **Следующий** (Келесі) таңдаңыз.
6. **Установить сейчас** (қазір орнату) пәрменін таңдаңыз.
7. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Қалпына келтіру үрдісі аяқталғаннан кейін:

1. Амалдық жүйенің DVD дискін алып, *Драйверді қалпына келтіру* дискін енгізіңіз.
2. Экрандағы нұсқаулық орындап, алдымен құрылғыны іске драйверлерін орнатып, сосын ұсынылған бағдарламаларды орнатыңыз.

12 Компьютердегі операциялық жүйелерді пайдалану, жаңарту және қызмет көрсету (Windows 10 Pro, Windows 10 IoT Enterprise for Retail, Windows 8.1 Pro, Windows Embedded 8.1 Industry Pro Retail, Windows Embedded Standard 7 және Windows Embedded POSReady 7)

Орталықтандырылған компьютерді басқару орнына кіріп, компьютеріңізді реттеуіңізге болады, оған мыналар кіреді:

- Компьютер атын және басқа жүйелік параметрлерді көру немесе өзгерту
- Құрылғыны немесе принтерді қосу және басқа жүйелік параметрлерді өзгерту
- Моделіңізге қатысты анықтаманы және қолдауды алу
- Компьютерге HP қолдау бағдарламаларын орнату
- Компьютер үшін қосалқы бөлшектерді және қосалқы құралдарды сатып алу

Реттеу орнына кіру үшін:

- Windows 10 Pro және Windows 10 IoT Enterprise for Retail
 - ▲ Тапсырмалар тақтасының іздеу терезесіне **параметры** (параметрлер) сөзін теріп, **Все параметры** (Барлық параметрлер) опциясын таңдаңыз.
– немесе –
 - ▲ Экранның оң жағынан бастап сипап, **Все параметры** (Барлық параметрлер) бөлімін таңдаңыз.
– немесе –
 - ▲ Тапсырмалар тақтасының шеткі оң жағындағы хабарландыру аймағында **Центр поддержки** (Қолдау көрсету орталығы) белгішесін таңдап, **Все параметры** (Барлық параметрлер) бөлімін таңдаңыз.
- Windows 8.1 Pro және Windows Embedded 8.1 Industry Pro Retail
 - ▲ Шебер түймелерді көрсету үшін экранның жоғарғы оң жақ немесе төменгі оң жақ бұрышына меңзеңіз және алдымен **Параметры** (Параметрлер), содан кейін **Изменение параметров компьютера** (Компьютердің параметрлерін өзгерту) бөлімін таңдаңыз.
- Windows Embedded 7 немесе Windows Embedded POSReady 7

- ▲ **Пуск** түймесін басып, **Устройства и принтеры** (Құрылғылар мен принтерлер) бөлімін таңдаңыз және компьютердің суретін екі рет басыңыз.